

МЕНИҢ 100 КИТАБИМ

Жамбыл ЖАБАЕВ

Жапанға біткен бәйтерек



RS
Т.Р. Сәлимов



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ABAI INTERNATIONAL CLUB

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

«МЕНИҢ 100 КІТАБЫМ»

Кітапханасының

Редакциялық Кеңесі:

Роллан Сейсенбаев (Қазақстан) —
Кеңес басшысы

Бауыржан Байбек (Қазақстан)

Болат Шамшиев (Қырғызстан)

Владимир Толстой (Ресей)

Ғалымқайыр Мұтанов (Қазақстан)

Джон Фарндон (Ұлыбритания)

Евгений Попов (Ресей)

Ерлан Сатыбалдиев (Қазақстан)

Иманғали Тасмағамбетов (Қазақстан)

Клара Серікбаева (Қазақстан)

Кэндзабуро Оэ (Жапония)

Марио Варгас Льоса (Перу)

Мо Янь (Қытай)

Мұхтар Құл-Мұхаммед (Қазақстан)

Нұр Қирабаев (Ресей)

Олжас Сүлейменов (Қазақстан)

Орхон Памук (Түркия)

Петр Дуткевич (Канада)

Рустем Жанқожа (Украина)

Синтара Исихара (Жапония)

Эдуардо Канетти (Италия)

Менің 100 Кітабым

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

ИДЕЯ ИЕЛЕРІ:



«Нұр Отан» ПАРТИЯСЫ
(Қазақстан)

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
(Қазақстан)

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
(Қазақстан)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен
Халықаралық Абай клубы жанындағы
ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ИНСТИТУТЫ
(Қазақстан)

БҮКІЛӘЛЕМДІК ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
(Америка)

ӘЛЕМДІК АУДАРМАШЫЛАР ИНСТИТУТЫ
(Ұлыбритания)

«МОТОВУН» БАСПАГЕРЛЕРІ
(Сербия)

«RS» БАСПА ҮЙІ
(Қазақстан)

Жамбыл
ЖАБАЕВ

ЖАПАНҒА БІТКЕН
БӘЙТЕРЕК

Жырлар



РОЛАН СЕЙСЕНБАЕВ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ · 2016

«МЕНИҢ 100 КІТАБЫМ»

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы,
фәлсафасы, білімі, әм діні

ҰЛЫ ЖАЗУШЫЛАР МЕН ОЙШЫЛДАР
КІТАПХАНАСЫ

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

ЖАПАҢҒА БІТКЕН БӘЙТЕРЕК

ҚОҒАМДЫҚ ӘМ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІ:

Алтай Көлгінов, Арыстанбек Мұхамедиұлы, Амандық
Баталов, Әсем Маамутова, Болат Бақауов, Владимир Ятченко,
Ерлан Арын, Дәулет Тұрлыханов, Ерлан Сағадиев, Кеңес
Рақышев, Қанат Бозымбаев, Қырымбек Көшербаев, Никола
Попович, Нұрлан Ноғаяев, Олжас Тоқтаров.

КІТАП ДЕМЕУШІЛЕРІ: Алматы облысының әкімшілігі.

Облыс әкімі: Амандық Баталов.

ЖК «RS» баспа үйі.

Кітапта Қазақстанның айтулы суретшілері:

М. Кенбаев, Ә. Қастеев, Н. Черкасскийдің суреттері пайдаланылған.

Ж 25 ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ. «ЖАПАҢҒА БІТКЕН БӘЙТЕРЕК»

— Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. — 212 б.

© Жамбыл «Жапанға біткен бәйтерек», 2013


© Жамбыл «Жапанға біткен бәйтерек», 2016

© Халықаралық Абай клубы, 2016

© ЖК «RS», 2016

0 8 1 7 8 8 1 2

ISBN 978-601-7294-67-0





Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай!
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай! – деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен,
Кетер ме екен жығылмай!

Жамбыл
XX ғасыр

Жаңа Қазақстанға Жаңа Кітаптар сериясы ауадай қажет. Отандастарымыз әдеби шығармалар арқылы әлем халықтарының бай салт-дәстүрінен, ұлттық пайымы мен философиялық ойлау жүйесінен хабардар болып, нәр алып, кемелденіп отырғаны жөн.

XXI ғасырдың аласапыран тіршілігінде жастарымыз ата-бабаларымыздың рухани қазынасынан, қазақы салт-дәстүріміз бен қазақы тәлім-тәрбиемізден қол үзіп қалмауы керек. Елімізде адамгершіліктің құлдырауына жол бермегеніміз абзал. Сондықтан Жаңа Қазақстанға бүгінгіміз бен болашағымыз үшін айтары мол, ойы терең жаңа кітаптар қорын жасау өте игілікті міндет.

Қазақ жерінде он бес жыл бойы «AMANAT» атты әлем әдебиетінің озық үлгілерін жариялап тұратын әдеби журнал үш тілде жарық көріп келеді.

Халықаралық Абай клубы мен «RS» баспа үйі 2000—2015 жылдар аралығында аталған журналдың аясында 200 томдық әлем халық-

тары әдебиетінің Кітапханасын шығарды. Халықаралық Абай клубы Жаңа Қазақстанның мәдени, рухани өресін әлемдік биікке көтерген талғамы озық құбылыс болғанын атап айтуымыз керек.

Енді міне, соның қатарын «Менің 100 Кітабым» атты әлем әдебиетінің жауһарларынан сұрыпталған жаңа Кітапхана сериясы жалғастырып отыр.

Бұл Кітапхана арнайы Қазақстан жастарына арналған. Кітапханаға енген әдеби, пәлсафалық шығармалар жастардың ой әлеміне, мақсат-мүдделеріне сай іріктелген. Жас оқырман оған енгізілген шығармалармен кітап түрінде де, электрондық кітап қалпында да таныса алады. Кітаптар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығады.

Кітап сериясының кей томдарына үш-төрт өкілі жазушылар мен ойшылдардың шығармалары қатар берілген. Бұл тәсіл жас оқырманды кітап әлеміне тереңдей еруге баулиды. Ұнатқан жазушысының еңбегін одан әрі өз бетімен іздеп тауып оқуға жетелейді.

Аталған серияда көлемі үлкен классикалық кітаптардан тұңғыш рет кесек-кесек үзінділер ұсынылған. Мұны да жас оқырманның назарын маңғысы кітаптарға аудару, оған рухани қазына қорынасының кілтін ұстату орайында жасалған құтты қадам деп бағалаған дұрыс.

«Менің 100 Кітабыма» енгізілген авторлар мен шығармалар білікті маманның жақсы талғамымен түзілгені анық танылады. Жоғарыда

аталған Кітапханалар сериясы көрнекті қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаевтың қажырлы еңбегі мен азаматтық белсенділігінің нәтижесінде өмірге келгенін ризашылықпен әрі алғыс сезіммен атап айтуды орынды санадым.

«АМАНАТ» журналы қазақ жерінде де, өзге жерде де жас таланттарды талмай іздеп, әдеби ортаға әкелгені қуанарлық жәйт.

Ұлы Далада әлемнің озық әдебиет үлгілерінен тұратын «Менің 100 Кітабым» Кітапханасы тұңғыш рет жас оқырманға жол тартып отыр. Уақыт өте келе оның соңынан мың кітап ереді деп үміт артамыз.

Жаңа Қазақстанның жастарына арналған «Менің 100 Кітабым» Кітапханасы құтты болсын!

Дүние байлығы таусылар, ал кітап сыйлайтын ой байлығы сарқылмайтын мол қазына екенін жадымыздан шығармайық.

Жақсы кітаптар жандарыңызға серік болсын!

Жан азығы — кітапты ардақ тұтайық, Ұлы Даланың төріне еркін көтерілген ұлағатты 100 кітаптың жаңа, жас оқырманы!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, Ақорда,

2015 жылғы 6 шілде

1

Соңғы он бес жыл өмірім Халықаралық Абай клубының әлемдік деңгейге көтеруге, «АМАНАТ» журналы мен оның 200 томдық әлем халықтарының әдебиетін Отанымызда кеңінен таратуға арналды.

Өз жазуым жайына қалды. «Құм кезген өліктер» романынан соң ештеңе жазбадым. Жазуға күшім де жетпеді. Бойдағы бар қуатты сол роман алып тынғандай болған. Шаһкәрім қажы туралы роман да стол тартпасында отыз жыл бойы аяқсыз жатыр еді. О дүниедегі Шаһкәрім бабамның маған ренішін де іштей сезетінмін.

«АМАНАТ»-тай әлемдік журнал шығарудың тиімділігі зор еді. Әлем жазушыларымен шығармашылық келіссөзде болу да көп күш-жігер қажет ететін. Оған қоса 200 томдық серияда көптеген ұлы жазушылардың кітаптарына соңғы сөз жазуға тура келген. Ол да талай уақытты үнсіз жұтып жатты. Бірақ өмірден өткен ұлы жазушылар туралы ой айтуды өзіме парыз санадым. Үйткені соңғы қырық жылда кітап әлемінен адасып қалған оқырманға ұлы тұлғаларды жаңа көзқараспен, ерекше мейіріммен таныстыру керек болатын. Ол үшін құдыретті

тұлғалардың кітаптарын қайта оқуға, олардың өмір жолдарына қайтадан үңілуге тура келген. Со-нан да жан да, тән де, қиналған кездер көп болды. Қоңыр столды құшақтап ақ қағазға түсіруге сөз таба алмай қиналған сәттерімде, сол ұлы тұлғалардың мені айналшықтап желеп-жебегендерін сан рет сездім. Олардың бөлме ішіндегі сұлбелерін де көргендей болдым. Әсіресе есте қалатыны, сескендіретіні, олардың менің түсіме еніп, еркін сөйлейтіндері еді. Бірақ мен олардың айтқан сөздерін оянған сәтте есімнен жоғалтып алатынымын. Қайтып таппайтынмын. Таптырмайтын. Жойқын күш деп соны айт!..

2

«AMANAT» журналының екі жүз томдық кітапханасын шығарып болысымен, өз романдарыма отыру үшін қағаз-қаламдарымды, ертеде бастаған қолжазбаларымды бір ретке келтірген сәтте, маған шет елде оқитын бес жас жігіт сәлем бере келді. Сөз де, жөн де білетін жастар екен, әңгімеміз жарасты. Семей, Қарағанды, Орал, Павлодар, Алматы қалаларының тумалары көрінеді. Олар Америкада, Англияда, Сауд Арабиясында, Түркияда, Қытайда оқиды екен. Олардың маған айтқан екі тілектері болды.

Бірінші тілектері: жастарға арнап жеке әдеби Кітапхана жасау. Оны мен жасауым керек екен.

Екінші тілектері: бір томдық қысқа қазақ тарихын жазу. Оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығару.

Жастар маған сенім артып келіп отыр еді.

— Шет елдің университеттерінде қазақ тарих жоқ, — деп аузымызды жабады. Олардың ғайбат

сөздері біздің намысымызға тиеді. Сондықтан қазақтың тарих кітабын шығарып беруге көмек жасаңыз...

— Өзі әділ болсын, өзі шағын болсын... — деді жастау жігіт.

— Жігіттер, мен тарихшы емеспін ғой...

— Сіз тарихшы болмасаңыз да тарихты жақсы білесіз. Ертеде Американың Принстон университетінде лекция оқығаныңызда қазақ тарихы туралы келелі ой айтқаныңызды естігенбіз, — деді топ ішіндегі ересегі Сәрсен.

— Ол оңтайы келген кезде кесек түскен ойлар ғой. Ал тарих кітабы — ғылым. Оны білімді тарихшы жазуы керек.

— Жүрегінде намысы бар тарихшы керек, — деді Сәрсен.

— Тарихшылармен сөйлеспедіңіздер ме?..

— Олар бізден ақша сұрады...

— Ақша емес, демеуші табыңдар!.. — деді деп түзеді тағы бірі.

— Мен ойланайын, жігіттер, — дедім. — Ертеде жастарға арнап жүз кітап шығарсам деген ойым болған...

— Жастар үшін дедіңіз бе?..

Тек жастар үшін ғана. Бірақ ол жобаны көтеруге елден ниеттес адамдар таппағам. Және мен көп жыл бойы жазу столымнан ажырап кеткен адаммын ғой. Жалғасын таппай ұмыт қалған қолжазбаларымды да қайта қарап жатыр ем. Сіздерге жастарға арнайы лайықталған әлемнің үздік жүз кітабының тізімін жасап берейін, тарихшылар туралы да ойланайын... — деп әңгіме аясын үздім де, олармен жиырма бірінші ғасырдағы қазақ жастарының тіршілігі туралы кең кеңеске көштім.

Осы әңгімеден соң, қазақтың жастарға арнап қысқаша тарихын жазатын тарихшыларды ізде-

дім. Жақсы тарихшылардың еңбектерін де оқыдым. Бірақ олардың стилі көп сөзді Кеңес Одағының тәсілі екен. Олардың ойының басы қайда, аяғы қайда ұғу қиын көрінді. Қазақ тарихшыларын ыждағатпен оқып ұққаным, бұлардың ішінде жастарға арнап қысқаша тарих жаза алатын адамды таппадым. Қысқа, нақты жазатын тарихшы әлі тумаған сыяқты. Көп томдық тарих жазатындар бар. Шағын томға қазақ тарихын сыйдыратын тарихшы жоқ. Сондай әмбебап тарихшыны әлі іздеп жүрмін. Ондай талантты тарихшыны білсеңіздер, хабарласыңыздар, жас оқырман дос.

100 кітаптың тізімін тізіп жастарға берген едім, олар демеуші таба алмады ма, әлде қырт шалкемпірлерден көңілдерін үзді ме, қайтып хабарласпады.

Бұл уақиға менің жүрегіме жарақат, көңіліме нала үйелетті.

3

«Менің 100 Кітабым» деген айдар тағып, Қазақстан жастарына арнап жаңа кітап сериясын шығаруға бел байладым.

Өзім сыйлайтын, жақсы көретін Бауыржан Байбекпен кездесуге ұмтылдым. Кезінде Бауыржан да шетте оқыған адал, ақ көңіл, білгір азамат еді.

Нұр Отан партиясының жетекшісі Бауыржан Байбек мені жылы ықыласпен қабыл алды, сөзімді тыңдады, ойымды ұқты, сонан соң жылы жымып, сабырлы қалпында мына сөздерді айтты:

— Аға, бұл адал ниет екен. Біз қолдаймыз! Сіз іске дайын болған күні жұмысты бастауымызға болады.

Сөзі іс, ісі сөз болар Жаңа Қазақстанның Жаңа Ұланының жүзін көріп, сөзін естіп қуандым.

Біз мамыр айында іске кірісіп те кеттік.

Ал менің жалғасын таба алмай жатқан қолжазба-романдарым, пьесаларым, аштық, ядролық сынақтар туралы әңгімелерім, толып жатқан эсселер мен публицистика тағы да жайына қалды. Менің он жастағы футболист немерем Асқар Роллан:

— Ата, біз Сіздің қазақ балаларына арнап 100 кітап құрастырғаныңызды құптаймыз. Қазақ тарихын да жаздырыңыз. Біз сізге сенеміз. Романдарыңыз сәл күте тұрар, а?.. — деп өзілдейді.

Шынында да мен қолжазбаларымды кейінге ысырып тастап, әлем халықтары әдебиетінің 100 үздік кітабын шығаруға бел шешіп отырдым.

Бұл жастардың маған артқан аманаттары еді.

Ал сол кітаптарды мұқият оқып, білімді қазақ болуға ұмтылу, менің жастарға артқан аманатым болсын.

4

Уақыт пен кеңістіктің қуатты демін жеткізе алар жалғыз ғана күш бар. Ол — өлмейтін сөз өнері. Адамзат өмірінің қайталанбас өзекті өрнегін жеткізе алатын да сөз құдіреті.

Ұлы ойшылдар, асқақ ақындар, ой-талғамдарын олмейтін сөзбен жеткізген. Ал өлмейтін сөздің алтын сандығы — К і т а п.

Адамзат баласы өзінің не бір асыл ойларын, қуаныштарын, мұңдарын, қайғыларын, армандарын сол кітапқа тізіп сақтауға асыққан.

Кітап оқитын жас, армандауды үйренеді. Соған бауыр басады. Сана да, жүрек те саналы от боп жанып тұрады. Сол саналы от Ақиқаттан хабар береді. Ақиқатты тап басып танитын жүрек қана. Ақиқат Адамды Адамгершілігінен айырмайды. Адамзат баласын асқарға көтеретін де Ақиқат қана.

Сонау VII—VIII ғасырларда Түркі халқы алып дастандарын тасқа қашап жазған. Күлтегін, Тоныкөк жырлары соның айғағы.

«... Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды ағыздым, қара терімді төктім, сен үшін Түркі халқы!..» — деп Тоныкөк бабамыз шалқи жырлаған болатын.

Төңірім бабамыздың жанын жаннатта рахатқа бөлесін!

Сол бабалардың рухына он төрт ғасырдан соң бас иіп, сұрғылт даланың төсінде бүгін мен тұрмын.

Моңғол даласындағы алып тас кітаптағы жазулар жүрегіңді тулатады! Мерейіңді өсіреді! Рухыңды асқақтатады. Намысыңды түлетеді. Сол кездегі түркі жұртына бас иесің!

Олар өлімнен де сескенбеген ер болған екен! Міз бақпастан өлім барда қорқыныш жоқ, дейді сарбаздар. Жарықтық, Дешті-Қыпшақтың төуекелшіл қасиеті ғой оны айтқызып тұрған.

Ал ХХІ ғасырдағы түркілер біздер кімбіз?.. Біздің қолдан не келді?.. деген сұрақ мені жиі мазалайды. Ең болмаса осыдан он төрт-он жеті ғасыр бұрын өмір сүрген өжет бабаларымыз, адамзатқа пайдалы керемет дүниелер жасаған өркениетті өмірлерін сақтап қалуға не қайыр жасап жатырмыз?.. Ал оны жаңғырту үшін не істемек керек?..

Осы біз ХХІ ғасырда қазақ халқы болып қала аламыз ба?..

Бізден жауап жоқ. Қан татыған тегеурінді сұрақтардың жауабын таба алмай сасқалақтап, келер ұрпақ бере жатар дейміз. Сонда көрі көкіректен сөз шықпай сандалмамен күн кешесің.

Есті жауапты жастар бере алар ма екен?.. — деген тынымсыз сұрақ та бой көтереді. Оған да

жауап таба алмай, көзіңе жас үйіріледі. Көмейіңе тос тығылады.

Жауабы жоқ заманда, жауапсыз өмір сүруден кескен трагедия жоқ-ау осы...

5

Мысыр елін қыпшақтар үш ғасыр билеп тұрды. Ол елде мемлекеттік тіл қыпшақ тілі болатын. Ғұлама иран ақыны Әбілқасым Фирдоусидің теңдессіз «Шахнаме» дастанын XVI ғасырда қыпшақтар қыпшақ тіліне аударған.


Бұл хабарды мен XX ғасырдың жетпісінші жылдарында естігем. Оны маған Мәскеуде Палестинаның атақты ақыны Муин Бсису айтты еді. Сол кітапты әлем кітапханаларынан қырық жыл іздедім. XXI ғасырдың басында таптым-ау ақыры. Алым-жұлым болған факсимиле қолжазбаны Лондонда жөндеттім. Құрыс-тырысын жаздым. Сол 950-беттік факсимилені Түркияда қалың кітап қылып бастырдым. Осы еңбекке демеуші болған қазақтың біртуар азаматы, мемлекеттік қайраткер Иманғали Тасмағамбетовке мың алғысымды айтамын. Қыпшақ тіліндегі «Шахнаме» дастаны қазақтың қыпшақтану ғылымына қосылған теңдессіз үлес деп білемін.

6

Тәңір Шығысқа Құран түсіріп, Мұхаммедті Ана-Жерге Пайғамбар қылып жібергенде оған өнер мен ғылымды қоса еріткен. Сонан да Ана-Жерде өнер мен ғылым әуелі Шығыста тез өрби көтерілген. Батыс сол Шығыстың жемісінің дәмін татқандар. Шығыс өнері мен ғылымынан сусындағандар.

Шығыс ғұламалары Батыс ойшылдарына айтқан мына бір сөзге назар сал, оқырман.

081738



«Егер үйлеріңнің терезелерінің тым болмаса біреуі Шығысқа қарап тұрса, онда үмітсіз емессіңдер», — деген болатын. Бірнеше ғасырлар иіні өткен соң, Батыс Шығыстың ойын да, ісін де ғылымдағы, әдебиеттегі теңдессіз жаңалықтары мен ұллылықтарын да тас бүркеп жауып тастаған.

Бірақ Ақиқатты өлтіру кімнің қолынан келсін?!. Бөрі де әумесірлік қой!..

Ал бүгін Шығыс Батыстың озық технологиясына сүйеніп ірі өндіріс орындарын іске қосуда. Ірі ғылыми жетістіктерге де жетуде. Аумалы-төкпелі заман дөңгелегі айналады-ай келіп?!. Бұл уақыты мен ыңғайы кезек келіп, кезек тиіп жатар дүние атты сайтан ғой. Қайтерсің?!.

Ал қазақ еліне Шығыстың да, Батыстың да үлгілі өнегелерінен ұлағат ала отырып, өз салт-дәстүрімізді талақ тастамай, тіршілік аямызды барынша кең де, терең дамытуды бір сәтке де естен шығармауымыз керек.

Тәңір берген тілімізді, дархан салт-дәстүрімізді жоғалтып алсақ Күнә! Ешқашан кешірілмейтін мәнқұрттік болмақ. Тәңір бізді содан сақтасын! Өзіміз де сақтануды естен шығармайық. Санамыз Сақтануды ардақ тұтсын!

Намысымыздың, рухымыздың, арманымыздың асқақтауын өзіміз де қалт жібермейік. Тәңірден халқымыздың ар-намысына, сана-сезіміне қамқор болуын жалбарына сұраудан жалықпайық.

«Бөлінгенді бөрі жейді» деген қазақ, ХХІ ғасырда әлдекімдердің тақымында кетіп сорлап қалып жүрмейік.

Ұлттық бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай білейік.

Олай болмаған жағдайда, Ана-Жерде қазақ халқы құрып кетуі бек мүмкін.

Қазақ бола алмаған халық, өзге де болып Ана-Жерді көгертпейді.

Біз Ана-Жерде қазақ болып қана мемлекет ұстай аламыз.

Мемлекет ұстасақ қана қазақ бола аламыз.

Әйтпесе тентіреп күн кешетін бейшараларға айналамыз. Оны айту түгілі, ойлау қорқынышты.

7

Ұлттың ұлттық белгісі — тілі. Әр ұлт өз тілін сүйі керек. Сол тілде жаза, оқи, сөйлей, тамылжыта ән айта білулері парыз.

Тіл жоғалған жерде, ұлт та, халық та, мемлекет те жоғалады.

Сонан да әр қазақ Тәңір берген Тілі үшін, Тәңір берген Ұлты үшін, Тәңір берген Мемлекеті үшін жанпидаға дайын тұруы тиіс.

Осыны ұмытпайық Жас Дос — Жаңа Оқырман!

Осының бәрін ұмытпауға бізді тәрбиелейтін, оуелі Тәңір, сонан соң әлі қасиетін жоғалтып болмаған Асыл От Басы, сонан соң құдыреті мәңгі ошпейтін Сөз өнерінің Алтын сандығы — Кітап.

Сол кітапқа адалдығымыздың, махаббатымыздың арта беруін тілейік.

Түркі бабаларымыздың аманаты: ұзақ сапарға озіңмен бірге арманыңды ала жүр, жас ұлан! Арман сені көк аспандағы асқар биікке көтеретін қос қанатың ғой! Сол киелі тілекке тағзым еткен —

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ

Жидебай

20 шілде 2015 жыл.



*Сәлем айт, барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін!
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды Тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай!*

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай!
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай! – деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен,
Кетер ме екен жығылмай!



ӘКЕМЕ

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке!
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке.
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз құр келеке.



* * *

Сөртінің¹ ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын,
Жапанда жаяу қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын егер қып,
Ойым жоқ шұрқан² салатын.
Қоныстан елді бостырып.
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!



¹ Сөртi — кiсiнiң аты.

² Шұрқан — бұлiк, жанжал мағынасында.

САРЫБАЙҒА

Сареке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып, талап қылдым,
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Жаманның көңілі көкте, жерде басы,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы.
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртөбасы?

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Біреулер «қайтемін» деп қалтаңдап жүр,
Өркімнің аузына бір жалтаңдап жүр.
Біреулер біліп тұрып, жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.

Қайсысын маған соның еп көресіз,
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз.
Сүйекемнің¹ сүйгенін ойласаңыз,
«Өлең болсын серігің» деп бересіз!



¹ Сүйекем — Сүйінбай ақын.

БҰРЫМҒА

Сен лашын болғанда, мен ақсұңқар,
Бір көріп дидарыңа болдым іңкәр.
Көркің бар көрген адам таң қалғандай,
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан
тұлпар.

Жасымнан жақсыларды жағаладым,
Алатау, Қаратауды араладым.
Қай тұсқа аттың басын тіресем де,
Өзіңнен басқа сұлу таба алмадым.
Жарқ еткен, оқтан ұшқыр, бота көзің,
Балқытар қорғасындай айтқан сөзің.
Сыртыңнан атыңды естіп жүруші едім,
Қаңбақтай жел аударған келді-ау кезім.
Айрылдым ай жарықта Бұрымымнан¹,
Азаптың кім құтылған құрығынан.
Жастықтың желігімен жүргенімде,
Келмейтін Сырдың суы жұлығымнан.
Есімнен еш кетпейді қайран Бұрым,
Мүшелі байланбаған ол бір құлын.

¹ Бұрым қыз — Жамбылдың ерекше сүйген қызы.

Қайтесің өткен істі еске салып,
Гүлжан-ау¹, белгілі ғой менің сырым.
Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрың.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын.



¹ Гүлжан — Жамбылдың жеңгесі.

Құлаштап бір кетейін,
Көбен¹ құсап тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы бұйым ба-ай!
Селтеңдеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай.
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағын, шының ба-ай?!
Деп келдің бе Жамбылды,
Күнде жеңген Шыбылдай²



¹ Көбен — арықтап жүріп, ет алған жылқы.

² Шыбыл — Ұлы жүздің ру атауы.

КАМШАТ ҚЫЗ

Кермиық, Камшат қыздың көрдік көркін,
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.
Секілді алтайы түлкі сылаң қағып,
Шеніне келтірмейді-ау, емін-еркін!
Қырандай қияннан-ақ ілер едім,
Қырқада қызыл жүзін бұрса бертін.
Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім,
Шалдықпай шаршы төске самғап едім.
Құмайдай жұрт аңдымай, қияға ұшып,
Алатын тоятымды таңдап едім.
Айдынның ақ шортанын жібермейтін,
Жасымнан жаза баспас қармақ едім.
Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу,
Сол ғана тұлабойға берген жылу.
Ажары бет пен іштің бірдей емес,
Керек-ау, Камшат, соны пайым қылу!
Солмай ма көктемдегі әдемі гүл,
Оңбай ма арудағы алқызыл түр.
Еңкейіп, екіндіге күн құласа,
Көріксіз көрінбей ме дүние бір?!

Осының бәрі мысал ойлағанға,
Камшат қыз, ойлан, ойланба, оны өзің біл.
Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң,
Тынар ма, айтып өтпей қу қызыл тіл!
Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр-мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа-қамзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан,
Қомытсынып, жерінген.
Жұбайыңды есіттім,
Таңдап тапқан еліңнен.
Өзі қарау, тарыншақ,
Қас Қарымбай¹, делінген.
Салғаныңды көрермін,
Соған барып серуен.
Сөйлесермін оралып,
Сонда, Камшат, сенімен!



¹ Қарымбай — сараң адамды атайды.

Ел едің құт дарыған Есім – Малай,
Қыдырып қызығыңды көрдім талай.
Арқаңда үрлеп ішіп, шайқап төктім,
Қайтқалы бет түзедім елге қарай.
Кең біткен етек-жеңі ағайын ең,
Беріпті саған дәулет соған жарай.
Балаңа бесіктегі белгілі ғой,
Санатқа ілінбеген Қожан қалай?
Барармын баян қылып бәрін төске,
Бейілің, берекеңмен болар есте.
Адамның алыс жүрсе аңсары ауып,
Көруге құмартары сол емес пе?!
«Жан екен жағын сауған аларманда»,
Артымнан мен кеткен соң солай деспе.
Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім,
Жөнім жоқ, сені мақтап сөйлемеске.
Ағайын-туған, есен бол,
Алшайып атқа мінейін.
Енді айналып келгенше,
Аңсай-аңсай жүрейін.

Шүйгініңе сонылап,
Шынарыңа түнедім.
Қош аман бол, құрметті ел,
Қадіріңді білейін!



ҚУҒЫН

Екі жылқы алдырдым,
Майтөбенің¹ жонынан.
Бергенім жоқ қолымнан,
Ұры өкетті торыған.
Ізі осылай ойысты,
Қуып келем соңынан.

Сөзім емес, Бәйеке,
Сізді ұрыға жорыған.
Қыдыр шалған жылқыңның,
Қаратыңыз тобынан.
Табылмаса тобыңнан,
Көрейін өз сорымнан.



¹Майтөбе — Сүйінбай және Жамбыл ауылының жайлауы.

Уа, қадірлі, Мәмбетім,
Ауылыңда алты күн,
Дамыл алмай өндеттім.
Өн мен күйді тоғылтып,
Айналаңды сөнді еттім.
Атан беріп, ат беріп,
Ақырында дөңдеттім.
Алты ай өтіп арада,
Ауылыма сен жеттім.
«Жамбыл үйі жаман» деп,
Атақ жайып сен кеттім.
Үйім жаман болғанмен,
Сөзімді жұрт сыйлайды.
Айтқандарым жаққан соң,
Алыс, жақын тыңдайды.
Сен жамандап кетсең де,
Мені жұртым қимайды.
Бай есіркеп бермейді,
Айтқанымға улайды.
Қайтармасаң бодауын,

Тағы артынан тулайды.
Айтпасыма болмайды.
Қылығы ішке сыймайды.
Түк қайыры болмаса,
Несіне мал жинайды?!



Лашын құстай таранып,
Сыртың сұлу көрінген.
Неңді медеу саналық,
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түйелер,
Қысырады биелер.
Қыста қырсыз, жұт болдың,
Жерге жүгіңді үйе бер,
Шығынмен де шаршаттың,
Енді қайтіп күй енер?!
Көргеніміз сол болса,
Неміз қалды сүйенер!
Қазбасам да мен онша,
Елдің өзі-ақ жүйелер.



Сәлем айт, барсаң Абайға¹,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін!
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды Тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай!



¹ Абай — Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы ХІХ ғасырда өмір сүрген ұлы ақын.

Жігіттіктің кезінде,
Жігерлі болса ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда,
Халыққа сөзі ем болар.
Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария – кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын,
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасың,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар.
Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде,
Өлімді кім ойлайды.
Жігері болса жігітің,
Орындамай қоймайды.

Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын,
Кезеңді жерде кез болса,
Қорқып тізгін тартпайтын.
Батыр Қараш, Саурық,
Шапырашты, Өтеген,
Батырлардың еңбегі,
Таныс маған ертеден.



«Әумиін!» деп қолыңды жай,
Қабат тусын күн менен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Ылғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қыз,
Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі –
Қойға кетсін қудалап.
Түйеге кетсін біреуі –
Екі көзін уқалап.
Егін ексін біреуі –
Су сағасын томалап.
Оттың басын шаңдатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы бақсын біреуі –
Асауларды күделеп.
Сөз сөйлесін біреуі –
Көп ішінде сүбелеп.

«Жақсы лепес – жарты ырыс»,
Ескіден қалған мақал-ды.
Соза беріп қайтейін,
Бата аяғы тақалды.



Ой-хой, дүние серуен,
Адам бір көшкен керуен!
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе лебіз – шықса жоқ,
Хауіп етіңдер өлімнен.
Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға,
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?!
Дәулетіңнен не пайда,
Таусылмастай көрінген?!
Жалғыз мұраң сол болар.
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де,
Көмілмейді кебінмен.

Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға...
Жақсының әрқашан да жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға.



Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып, асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан-төре айналмай ма, сендей ерден.

Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп.



¹Тоқтағұл — қырғыз елінің атақты ақыны.

Сарнасын ақын, сарнасын,
Төреге сөзін арнасын.
Тыңдамаса ол төре,
Халық тыңдар жалғасын.
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреге бай салмасын.
Түн қараңғы дүниенің –
Ататұғын таңы бар.
Қараңғының шырағы,
Жанатұғын шамы бар.
Дүниенің тұрағы –
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.



Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды,
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқыңды естіп жүруші ем,
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.
Ауылға жүр, қонақ бол,
Атан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол.
Аттанарсыз, Сыдеке,
Ата жолы деген сол!

¹ Сыздық – Кенесарының баласы, орыс әдебиетінде Садық, Сыдық деп аталады. Ол Россияның отарлау саясатына және жергілікті хандарға, Қытай империясына қарсы халықтың азаттық күресін басқарған (1860-1877) көрнекті батыр. Сыздық Жамбылмен 1880 жылдары кездескен.

Арнап келіп алғаның,
Алтын жүзік, сарқасқа ер,
Атаңыздың аруағын,
Сыйлайды екен бір тайпа ел.
Екеуінің¹ қалғаны –
Он бір жыра² деген жер.
Оны да айтты ағайын,
Іштен шықты қайғы-шер.
Атаның не арманы,
Іздеп келіп артынан,
Бата қылса Сіздей ер!



¹ Екеуі – Кенесары мен Наурызбай батыр.

² Он бір жыра – Қырғызстандағы Кенесары мен Наурызбайдың сүйегі көмілген жер аты.

Асқар тау ғаріп емес пе,
Айдынды көлі болмаса.
Ер жігіт ғаріп емес пе,
Белгілі елі болмаса.
Ел де ғаріп емес пе,
Белгілі жерге қонбаса.
Ағаш ғаріп емес пе,
Мәуесі өсіп тұрмаса.
Су да ғаріп емес пе,
Арнасы тасып толмаса.
Әйел ғаріп емес пе,
Ерден бағы жанбаса.
Жаз да ғаріп емес пе,
Құрғақшылық торласа.
Ұста ғаріп емес пе,
Темірдің суын таппаса.
Ақын ғаріп емес пе,
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе,
Әділеттен аттаса!

Халық ғаріп емес пе,
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе,
Еңбегі алға баспаса.
Арғымақ ғаріп емес пе,
Арам тер болып ақсаса.
Малшы ғаріп емес пе,
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе,
Өтірік айтып ақтаса.
Көл де ғаріп емес пе,
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе,
Ағашты дұрыс жонбаса?!

Заманның сыры емес пе,
Заманға қайғы жемес пе,
Домбырасын қолға алып,
Жамбыл ақын толғаса!



Еске алсам ертегідей ертеңі өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен.
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай Асанқайғы¹ о да өткен.
Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей, көрден басқа ол да кеткен.



¹ Асанқайғы, Қорқыт — қазақ ертегілерінің басты кейіпкерлері.

Үйсін, Найман² саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада құр үйілдің.
Ұлық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Жүріпсіз сыр алыспай,
Жайларыңды түйіндім.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.

¹ Өстепке – выставка, көрме. 1913 жылы Россия патшасы – Романов тұқымдарының таққа отырғанына 300 жыл толуына орай, Верный (Алматыда) қаласында Жетісу облысының (Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Бішкек, Қарақол уездері) ауылшаруашылық-өндірістік көрмесі ұйымдастырылады. Сол көрмеге Жетісу облысының ел арасындағы атақты өнші-ақындары, сал-серілері және қолөнершілері шақырылады. Қазақ-қырғыз бас қосқан осы жиынға Жамбыл және Мақыш, Үмбеталы тағы басқа белгілі өнерпаздар қатынасады, Жамбыл осы өлеңді сол көрмеде айтқан.

² Үйсін, Найман – Ұлы жүз және Орта жүз қазақтары.

Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің —
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым!



Халықтың еркі кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.
Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп,
Он тоғыз – отыз бірдің арасынан.
Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!
Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?!



ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ
(1916 жылғы оқиға)

Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз¹.
Күндерімді өткіздім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көкорайға жайылған,
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?!
Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!
Көрген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?!
Көкіректі зар қылып,

¹ Қарабастау, Құлансаз – Сүйінбай мен Жамбыл ауылының жайлауы.

Қорлықпен қайтып өтерміз?!
«Бес үйден бір жігіт!» деп,
Болыстар жүр шапқылап.
Жасауыл үй тінтпек,
Қылыштары жарқылдап.
Бүйтіп көрген күн құрсын,
Жапырақтай қалтырап!
Таусылғандай тынысың,
Күнде жүрек қансырап.
Дүниенің кеңдігі –
Жүргеніңде басың бос.
Жан қысылса белгілі,
Таба алмайсың жақын дос.
Өз араңнан шыққандар,
Таяқ соғар өзіңе.
Әр нәрсеге бір зауал,
Дейтін еді кезінде.
Би, болысты Тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ: не қалды,
Ата жұрттан кету бар.
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар!



Верныйден¹ жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген,
Суық хабар халықты бұлқындырды.
Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып келмес қайтып»,
Дейді де еңірейді, егіледі,
Қайғының күндіз-түні күйін тартып.
Верныйдың қадам баспай қаласына,
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.
Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.

¹ Верный – екі мың жылдық тарихы бар Алматының ескі орнына, Ресей империясы Ұлы жүздің бағынған аудандарын басқару үшін, 1854 жылы Верный әскери-соғыс бекінісін орнатты, ал 1856 жылы Алатау округі құрылды. Үлкен Орда приставы Қапал бекінісінен Верныйға көшірілді. 1867 жылы Верный бекінісі қала статусын алды. 1918 жылы наурыз (март) айында Верныйда Кеңес өкіметі орнады, соған орай 1921 жылы 5 ақпанда (февраль) Верный қаласы өзінің ежелгі аты Алматы қаласы деп аталды.

«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.
Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егерде бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз» деп.
Ел-ел боп, жиылды кеп, әрбір сайға,
Ал, өлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып толқындады,
«Бір сая бола ма деп – шыбын жанға?»
Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
Қарғалы¹ деген тасқын бір өзенге.
Пристав кетті «еріксіз аламын» деп,
Көресің бұл істі деп, кезегінде.
Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып, бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз.
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!
Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір пәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып жанталасты.
Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.
Жақсыдан жақсы қоймай алды санап,

¹ Қарғалы – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы селосы.

Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы ел,
Қамалғандар тірідей тартты азап.
Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» деп,
Губернатор жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп, шапқан кім?» деп.
Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтты жандаралдың «Бекболат!» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды: «Дарға асып, тарт!» деп.
Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.
Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Иманыңды айтатын молдаңды тап.
Үндеріңді шығарма, өңкей надан,
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!».
Самсыны¹ алған екен Ботбай² қамап,
Оларды жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.
Пристав та Самсыға барған екен,
Жәнібектің мешітін қамап алған екен.
Жәнібек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.
Ала алмай күні бойы әлек болды,
Жәнібек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып Ұзынағашқа³,

¹ Самсы – жер аты.

² Ботбай – ру аты.

³ Ұзынағаш – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш селосы.

Шаңдатып келе жатты қара жолды.
 Бөлек-бөлек топтанып, шоқтай болып,
 Бай көпесті өлтірді Ботбай болып.
 Қолына онан басқа түк түспеді,
 Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.
 Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
 Не боларын бұл істің біле алмастан.
 Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
 Бозбаланы бітірді кек алмастан.
 Шейібенде¹ де әскерлермен ұрыс болды,
 Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
 «Саттар өлді, ел қашты» деген хабар,
 Ел-елдерге жайылды оң мен солды.
 Шұбырып, тауға қарап ел жөнелді,
 Не боларын соңының кім біледі?
 Тауға шығып, өрмелеп тасқа бұғып,
 Елдің бәрі жанынан түңілді енді.
 Ертеңінде ел-елге әскер барды,
 «Шапшаң түсіп, келсін» деп хабар салды.
 «Қашқандарды атады» дегеннен соң,
 Таудағылар кірер жер таба алмады.
 Атандық ұлығының қонысына,
 Елді сорған борсықтай болысына.
 Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
 Көксеген азаттықтың соғысында.



¹Шейібен (Шиен) — Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Суықтөбе тауының солтүстігіндегі елді мекеннің аты.

I

Жас отызға келгенде,
Даланың түрі өзгерді,
Өзгергенін көз көрді.
Күл-талқан боп төрт қазы,
Болыстарға сөз берді.
Аранын ашты бай, манап,
Үдете түсті езгенді.
Ел налыды қонысқа,
Бас билігі болыста.
Болыс сайлау, қан төгіс,
Ақша төгу үйезге.
Приставке жалбаңдау,
Құдайындай сыйыну,
Әкім болған болысқа.
Сайлау үшін шабысты,
Елді быт-шыт бөліп ап,
Ырылдасып алысты.
Ылай судың ішінде,
Көр наһандай қағысты.

Бозға түскен өрттейін,
Елді үйтіп тауысты.
Жер ошақтың басында,
Ит пенен ит жолығып,
Аузына май жағысты.
Жылан ба әлде, немене,
Әкім емес, кене ме?
Зәрлі тілді, улы азу,
Аш бүйірден жабысты.

II

Құлманбетпен салыстым,
Күшті ақынмен алыстым.
Итермелеп манаптар,
Жыртуын жырттым намыстың.
Қырықтың қырын бір басып,
Елудің шықтым беліне,
Сүңгідім шалқар көліне.
Ортадан орным жоғары,
Үйдің шықтым төріне.
Ел сүймеген адамның,
Жоламай кеттім шеніне.
Алпыстың келдім бесіне,
Елдің күйі кеп түсті,
Қартайған сайын есіме.
Терең-терең ойландым,
Мұңды шаға жырладым,
Жақсылыққа жетпесем,
Тудым дедім несіне?!
Шиеленген ел күйі,
Қалмаған соң шешіле.
Ызалы сөз әкімге –

Қарсы айтылды көсіле.
Ел құлағын шулатты
Сол кездерде бір соғыс:
– Кіммен жатыр соғысып?
Кесілген бас, аққан қан,
Ел жүрегін шошытып.
Қора-қора адамды,
Күнде айдады тоғытып.
Келге айдаған қойдай ғып,
Қызыл қанға обытып.
Соғысқа болыс болысып,
Малы бардан мал алды,
Малы жоқтан жан алды.
Аралдағы қояндай,
Ел топанға қамалды.
Өнші, жыршы ақыннан,
Елдің досы жақыннан.
Шашылды да зәрлі жыр,
Көпшілікке таралды.

III

Арық ел алабұта тұрған ықтап,
Жайлаған мына қырсық неден мықтап?
Қажығанның үстіне қанды соғыс,
Жығылғанның үстіне жұдырықтап.
Ақыны, өнші, күйші қыруар жан,
Аймағын Жетісудың жинап алған.
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,
Жатарға жай салғызды ат қорадан.
Сорпасы капустаның ыстығына,
Сәскеге – бес кісіге бір қара нан.
Қырық тиын күндігіне ақша беріп,

Нан пұлын алып тұрды ұстап сонан.
«Үгіт айт, патшаны мақта» деді,
«Болып жатқан соғысты жақта» деді.
Жыр айтсаң, Құдай менен пайғамбарды айт,
Онан басқа жырыңды айтпа деді.
Ол айтты, тіл кескендей үндемедім,
Ол жиыннан табылмай бір керегім.
Ақын, жыршы топырлап жеті жаттық
Түсінгенім болмады мүлде менің.
Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,
Кім болмақ ызаланса елден күшті?!
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан ұшты.



Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар.
Аман жеттім бұл күнге,
Ойды, қырды аралап,
Жалғыз атты сабалап,
Серік қылдым өмірге.
Домбырамды өңгеріп,
Өзіме-өзім дем беріп,
Жұбаныш қып көңілге.
Осынша жасқа келгенде,
Өзендей өлке көргенде,
Немерем мен шөберем,
Әкелеп маған ергенде,
Ескі күнім жаңарып,
Көсегем көктеп өргенде,
Заманым, күнім жасарып,
Жұртым топ боп жиналып,
Сөйлеуге кезек бергенде –
Дауыста, Жамбыл, дауыста!
Сөйлеп бір жібер, сөйле енді!

Жиналып жұртым алдымда,
Тыңдауға мені келіп тұр.
Сөйле деп ойда барыңды –
Анталап қамап төніп тұр,
Шежіре, не айтар деп,
Балаларым сеніп тұр.
Қиялымды қозғауға,
Құлағын бұрап сөйлетіп,
Домбырамды беріп тұр.
Қайтарма жұртым меселін,
Күшіңді жиып бойыңа,
Біраз ғана кеңес құр.
Қазақ-қазақ болғалы,
Көрдік қой талай хандарды.
Өткіздік қой біз бастан,
Азапты ауыр заңдарды.
Қоқан билеп бір кезде,
Өрістегі малды алды.
Құсбегі хан құтырып,
Бойжеткен жас қызды алды,
Қызды алмады, жанды алды.
Жайлауды сонда шаң басты,
Тынық көлдер шайқалды.
Сол бір өткен заманнан,
Арман болар не қалды?
Одан бері келгенде,
Өлкені басты бір сарын.
Жыландай бойға оралып,
Қысқанын көрдік патшаның.
Жердің бетін қаптады,
Елдің жанын қақтады,
Таппадық ылаж, амалын.

Бірге шапты патшамен,
Жәңгір хан атты арамың.
Көкорайлы жерді алды,
Ағынды өзен суды алды.
Жолын кесті Оралдың,
Ашылған қорқау араны.
Осынау бір заманда –
Болыс шықты зіркілдеп.
Мырза, старшын атанып,
Ауылнай шықты діңкілдеп.
Шен таққан би шіреніп,
Қонса байдың ауылына,
Қайнады қазан бүлкілдеп.
Отырды бай ақ үйде,
Алдындағы керсенде,
Сары қымыз кілкілдеп.
Кедей байғұс баласы,
Жалаңаш шекпен етінде,
Секпілі бар бетінде.
Қу қарынның қамы үшін,
Аталып малай жүреді,
Бай малының шетінде.
Шілдеде аптап астында,
Қыста боран ішінде,
Жас баласы қозыда,
Қатыны жүр от жағып,
Бәйбішенің еркінде.
Сол бір өткен заманның,
Несін арман етейін,
Жетіскен жаңа күнімде.
Алпыс бестен асқанда,
Жетпіске қадам басқанда,

Өмірі естіп білмеген,
Өмірде көзім көрмеген,
Көрсетті Ленин қайратты:
«Құлдан, күңнен» қол құрап,
Асырды ерім айбатты.
Тәжын жұлып патшаның,
Алтын тақтан құлатты.
Салтанат, сәнін қиратты,
Ұлы-қызын жылатты.
Көзден жасын бұлатты,
Ағарып бізге таң атты.
Қазақ та атты жаратты,
Жаппай шауып жан-жаққа,
Ленин есімін таратты.
Қудық біз де ортадан,
Бай мен болыс, манапты.
Содан бастап қазаққа,
Қимылдарлық әл кірді,
Кеудесіне жан кірді.
Жан кіріп қана қоймады –
Ел боларлық сән кірді.
Сәнді қазақ елінде –
Қартайғанда ән салған,
Өлеңін қойдай тоғытқан,
Тыңдаушысын ұйытқан –
Көретін болдың Жамбылды.
Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр төбесі.
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның,
Қайырлайды кемесі.
Шайқалған жорға дер едім,

Ат та шаршап болдырар,
Кездесе жердің белесі.
Домбыраны алғанда,
Данышпанға тең таппай,
Қиналған Жамбыл жері осы.
Туған айдай дер едім,
Түнде бар да күндіз жоқ.
Жанған күндей дер едім,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Темір қазық дер едім,
Тек тұрғаны болмаса,
Онда тіл де, үн де жоқ!
Түнде де бар, күндіз бар,
Жанып тұрған жалынды от!..

1936 ж.



Шырақтарым, маған кезек беріп отырсыңдар, сенімдеріңді ақтай алсам жарар еді. Өйткені дауысты шырқатып, ән салатын уақыт өтіп кетті ғой. Қазір жасым сексеннің үшеуіне келіп отыр. Тістен де айрылды. Баяғы думанға түсіп жүргендегідей кезім болса, алдыма қандай шарт қойсаңдар да орындай берер едім. Болмаса сендерден қолда барды аяйын деп тұрғаным жоқ. Күшім жетсе ойдағының бәрін бергім - ақ келіп отыр. Бірақ, ән салатын даусым біткенмен, асыл сөзім жүрегімде сақтаулы. Сіздердің тілектеріңізді әнмен емес, енді сөзбен орындап көрейін.

Ой, домбыра алып қолыма,
Он жасымнан сарнадым.
Дәл жетпіске келгенде,
Жүгірістен танбадым.
Бүгінгідей есімде:
Думанды жарып әнменен,

Семейге де барғаным.
Топтан озып онда да,
Бөйгінің алдын алғаным.
Өзгеріп алтын жез болмас.
Аяққа шұлғау қылса да,
Асыл жібек бөз болмас.
Балшық қосып соқса да,
Дүррі гөуһар тас болмас.
Жамандық адам өзінен,
Болатындар жас болмас.
Қайшылай тасқа соқса да
Болаттың жүзі пәс болмас...
Тыңдап көр Жамбыл қартыңды
Сендерден сірә кем түспес.
Жырдың асыл кенімін,
Айтысқандар менімен,
Талай-талай жеңілген.
Қыза шапса шын тарлан,
Жері болмас тең түспес.
Айғайласа да шын ақын,
Әні болмас, ел білмес!

1934 ж.



Өнердің алды қызыл тіл,
Тілде жүйрік ол дүлдүл.
Ақынның мұхит теңізі –
Пушкинге бүгін бір жүз жыл.
Менің айтқан жүз жылым –
Өлім емес, өмірі,
Өмірде оның өлмейді
Ел сүйген таза көңілі.
Әлемге шыққан аты бар,
Алтынмен жазған хаты бар,
Күн сөнбей ол сөз сөнер ме?
Шыңдағы шынар өмірі,
Қиядан жібек қырмызы,
Кестелеп тіксе хор қызы,
Шытырмақ шимай гүл шығып,
Тауыс құс жазса қанатын,
Көз тартып көркі аларын,
Патсайыдай құлпырып,
Пушкиннің жыры дәл сондай,
Әлемнің ажар көрігі.

Шамшырақ деген тас жатар
Теңіздің терең түбінде,
Сұңгіп адам соны алар
Шам қылуға түнінде,
Май құйған шам сөнсе де,
Шамшырақ сөнбес өмірде.
Жақсы сөз бейне шамшырақ,
Орнаған мықтап көңілге,
Жақсы сөздің иесін
Ұйғара алман өлімге.
Олай болса Пушкинді
«Тірі» деп, керек сенуге.
Жақсының жауы – жексұрын
Патша, хан, би, бегің де
Ол өмірдің өртіндей,
Өмірі ұқсас көмірге,
Арпалысты, алысты,
Бүркіттей шеңгел салысты,
Ел шырағы ақынның
Сөзін жерге көмуге.
Асылдың бетін ашушы
Ерікті елдің адамы –
Ұлы Совет Одағы:
Украина, орыс, белорус,
Түркпен, өзбек, қазағы,
Ұлтының атын санасаң
Әлденеше он болады.
Алып Отан бірлігі
Бір-ақ үйдей болады.
Ер қадірі ерлерде,
Зер қадірі зергерде;
Ері дана елімде

Асылдың бәрі бағалы.
Ақылды туған жасым бар,
Ұлы ақынның үлгісін
Маржан етіп тағады.
Асылдың беті ашылып,
Әлемге нұры шашылып,
Шалқардай көңіл шалқыған...



Сүлейман алтын бұлбұл, сен Дағыстан,
Ішінде сайрандаған гүл бағыстан.
Кешегі жыртқыш аңдар заманында, –
Біз өстік орын алып тар қапастан.
Бүгін қапас жаңарып гүл жайнады,
Бақыт жыры төгіліп бұлбұл құстан.
Бұлбұлдардың Отаны меруерт гүлді,
Біз жырлаймыз, мақтаймыз Советстан.
Ескі дүние жарасын жазды бәрі,
Еркіндеп кең бақшада масайрасқан.
Өлең көзі тауымнан тулап ақты, –
Дағыстан, даласынан Қазақстан,
Еліміз гүл, қызғалдақ, жері балды,
Нұр төккен төбесінен әдемі аспан.
Барлық халық қастерлер Сүлейманды –
Асыл сөзі жаныңның кілтін ашқан.
Мен де саған қошемет сәлем жолдап,
Қол соғам даласынан Қазақстан.
Жерің таулы, ұлы Кавказ, миуасы көп,
Сұңқарлар заңғарында шырқап ұшқан

Бақыт гүлі қаулаған шешек атып,
Әтір иісі аңқыған көңіліңді ашқан.
Жастық жайнап, ескілік сөніп жатыр,
Таза ауа, мөлдір сумен көк гүлістан.
Қартайсақ та дауысымыз жаспен бірдей,
Жаңардық, қайта тудық осы тұстан.
Жиһан кезіп шырқаймыз өр қырандай,
Таудан құлар далаға судай тасқан.
Ол жырымыз арналған мөңгі - бақи
Сан сұңқарлар сұңқары әлем асқан;
Адамұлы ардақтар тамаша жан
Тарихтың заңғарынан зор данышпан.
Елінде Советтердің біз сайраймыз,
Ақыл мен жүрек тулап ой ұласқан.
Өлең кетер бұлақтай шыққан тастан.

1937 ж.



Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың,
Дариядай тулап аққан сол таулардан,
Көресің тамашасын аққан судың.

Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін;
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес,
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып, –
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында
Асаудай ойнақ салар балық шолпып.

Етегі сол таулардың мидай тегіс,
Тегіс жер гүлін жарған миуалы егіс,
Еліне мекен етіп еңбек қылған
Жегізер аямастан түрлі жеміс.

Алатау Жетісумен құшақтасқан,
Еліне қазыналы қойнын ашқан,
Бауырында Қазақстан астанам бар, –
Бір бауыр орыс – қазақ араласқан.

Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын,
Қызығын сол жайлаудың көрсем десең, –
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ар жағы – еңреген ел Қытай жері,
Бер жағы – ен жайлаған қазақ елі,
Басында бақыт жырлап Жамбыл отыр,
Желбіреп қызыл жалау шығыс белі.



Үйірілген қышқыл, төтті сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз,
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш байлар ішкен көрі қымыз.

Ашыған кең сабада алтын қымыз,
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз,
Айтушы ек іштен налып саған қарғыс,
Кедейге келмегенде шартың қымыз.

Байда бар, жарлыда жоқ тартым қымыз,
Көз сатып бардан ішкен халқым қымыз.
Байлардың сабасында «аллаһуп» тап,
Кедейдің торсығында там - тұм қымыз.

Сапырған жайлау жайлап байлар қымыз,
Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.
Кеңейтіп жуан қарын май қосуға,
Сар тұздық қозы етімен шайнар қымыз.

Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз,
Еңбекші ел аттанғанда кегі қымыз,
Байды қуып, алуға малын тартып
Беретін ет пенен сүт, сені қымыз.

Бай қайда? Елден қудық бүгін қымыз,
Төңкердік зор сабасы түбін қымыз,
Көрінбей түнде жортып құмдарда жүр,
Ішпейді бұлақ суын түгіл қымыз.

Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз.
Стахановшы ерлерге дем беретін
Бір сүйеу еңбегіне кәрі қымыз.

Еңбекші ел тартып алған табы қымыз,
Ен өскен колхоз аулы малы қымыз,
Әр ферма ортасында күмпілдейді,
Өзгеше бүгін тәтті дәмі қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз,
Елімнің социалистік асы болдың,
Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз!

1937 ж.



Өлеңді айт дегенде ағылтқанмын,
Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын.
Ел сүйген, еңіреп туған ерді мақтап,
Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын.
Ойлансам сөзім шежіре, қиял желі,
Өтеді көз алдымнан тарих белі.
Толғанса батырлардың батыл ісін,
Қомданад сонда Жамбыл сөйлегелі.
Ардагер Амангелді ердің ері,
Кең өріс, жалпақ дала туған жері.
Елі мен мекенінің туын ұстап,
Қол бастап қан майданда аққан тері.
Қазасы батырымның жұртты еңіреткен,
Ол кезде Жамбылдың да жасын төккен,
Бұл күнде ер еңбегін қошеметтеп,
Шертемін жеңіс жырын мен де көппен.
Өлген жоқ, Амангелді әлі тірі,
Әнеки ілулі тұр ақ семсері;
Орнатып, ол көксеген арманды ойын,
Мен де шат, рахаттанған қарттың бірі.

Батыр бол, балаларым бәрің дағы,
Тап берген дұшпан иттің сынсын сағы.
Семсерін Амангелді тот баспасын!
Ел қорға, ұлы күннің туса шағы.

1937 ж.



Кавказ бен Алтай, Алатау,
Асқар, асу белімсің,
Шығысым – қиыр зор тайга,
Құрсанған болат темірсің.
Батысым – байтақ Украин,
Гүлденген бақша гүлімсің.
Солтүстік – ұлы мұхитым,
Ұшан дария шегімсің.
Қытай мен Қырым арасы,
Бір жағың орыс даласы,
Тұтаса жатқан тұла бой,
Ортаң Орал саласы:
Колхоз бен совхоз, өзімсің.
Осылардың ішінде
Алтын ошақ Отаным,
Советстан-Гүлстан,
Жайнаған менің елімсің.
Бұлдыр-бұлдыр, бұлдыр күн,
Бұлдырап кеткен құрғыр күн,
Бұрынғы күнім күн бе еді?

Күн емес қара түн еді,
Тар құрсаулы таж уақыт,
Патша бізді биледі,
Халыққа қара жамылтқан,
Арылмас азап сабылтқан,
Қанау, талау, отарлау,
Қара түн түнек түрме еді.
Ату, айдау, оқ, қылыш,
Жаралау, асу, құл қылу,
Патшаның болды білгені.
Рахымсыз қара бетінде,
Зұлымдық, зорлық ниетінде,
Адамдық жылы шырай жоқ,
Халыққа қарап күлгені.
Патша тағын, бай бағын,
Қайтып сақтап қалам деп,
Өткен заман заңының
Осылай өмір сүргені.
Еркіндетіп еңбекті,
Бел ал деген осы заң.
Оқу оқы, білім ап,
Жөн ал деген осы заң.
Еңбек ет те, міндет ет,
Дем ал деген осы заң.
Әйел, теңсің, праваң –
Сен ал – деген осы заң.
Қартайсаң да қайғың жоқ, –
Жассың деген осы заң.
Бұлбұл үнің бұлақтай, –
Тассын деген осы заң.
Елдің шетін күзету
Ең ардақты праваң.

Жорғалап келсе сұр жылан,
Желкесін қиып, жеткізбей
Кесе бер деген осы заң.
Сансыз халық достасып,
Он бірің қол ұстасып,
Өсе бер деген осы заң.
Бүгін міне, қарасам,
Бір көш кетіп барады.
Салтанатты, сәулетті
Гүлдей болып жанары, –
Масаты кілем жамылған,
Алтыннан қоңырау тағылған,
Дабысы жерді жарады.
Адамы гүлдей жайнаған,
Қызыл жалау байлаған,
Ел қуанған бір думан,
Шырқатып әнге салады.
Бұлдыр-бұлдыр белестен,
Көш аса алмас дөңестен,
Елім асып барады.
Адам ұлы көрмеген,
Көрмеген түгіл білмеген,
Асу-асу жерлерден,
Көшім асып барады.

1937 ж.



Өшпейді халық жыры, қартаймайды,
Өшед деп оны ешкім де айталмайды,
Халықтың жүрегінің түкпірінен
Төгілген күй – шын жорға, тайпалмайды.
Алтындай ел ішінде сақталынған
Сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды.

Еске алсам ертегідей ертеңі өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен,
Еңірей ен даладан бақыт іздеп,
Табалмай, аңсап Асанқайғы да өткен.
Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен.

Еске алсам аңсағанды ескідегі,
Ертеде қиял нені көксемеді!
Кілемге отырып ап, көк сайрандап,
Сұңқарша ұшуды да көксеп еді.
Ол кезде патша мен хан зынданының,
Тұншыққан жырды бар ма ед ескергені.

Есімде ескі ертегі аңыз қылған,
Улы өмір жыланына шағылдырған,
Үскірік есіп тағдыр қара желі,
Өкпемді қарып аяз қабындырған.
Жамбылдың жыр төгілген тілін байлап,
Үніне туған елін сағындырған.

Мен ұзақ өмір сүрдім, көпті көрдім,
Көргенді ойға түйдім, ойлай жүрдім.
Құзынан таудың биік шыңға өрлеген,
Есіттім жырын ақын Шота ердің.
Кавказдың шыңыменен шендескендей,
Құлағым шалды иесін шерлі жырдың.

Жайнаған Грузиннің жас ұлына,
Көз түсті тауда жортқан асылына.
Түнерген тау басына тұмандайын,
Ізіндей я жолбарыс жасырына,
Шотаның шырқап салған жыры арналған,
Келешек жас өспірім ғасырына.

Бісқырып өрмелеген тау мен тастан,
Мен көргем әп-жыланды сұры қашқан.
Жүректің оттан ыстық төтті жырын,
Өршігіп сөндіруге тасқын тасқан.
Жортқан жолбарыстай ақын Шота
Халқына төтті жырын алып ұшқан.

Жайлаған жылан-шаян тау құлады,
Патша өлді еркін ақты тау бұлағы,
Құйылған бұлақтайын халық жыры,
Маржандай таудан шашқан саңғырады.

Ақынның жүрегінен шыққан өлең,
Шарықтап ұшты, ұсап тау қыраны.

Жүз жылдап, жарық көрмей ой - қиялы,
Жүрген кез есімде еді ойға оралды.
Даланың шөбі құрап ыстық күнге
Жатқан шақ шұбап жолсыз керуені.
Ашығып, азып-тозып жол шеккенде,
Бораған алды, артынан ақ бораны.

Кімдердің өшпеді ол кез сағы сынып,
Кім есіп еді ол кез, кімдер күліп,
Қоқырап жалсыз, қомсыз түйе үстінде,
Таңылып Тарас ақын ойға ұйып,
Езілген даладағы елді көрген,
Самұрық екі басты жатқан бүріп.

Тараспен батқам мен де бірге мұңға,
Түйеге бірге мініп жүргем құмда,
Менің де, оның-дағы жырларымыз
Ол кезде жоғалған ед сіңіп құмға.
Жырымен тау жаңғыртып Пушкин де өткен,
Жүрегі жараланған ақын тұлға.

Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай,
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай,
Тамсанта Онегин мен Татьяна,
Алабын Алатаудың өнге орай.
Туысқан халқыменен құшақтасқан,
Біледі Қазақстан туғанындай.

Жылдан жыл өтті ақын қиялындай,
Жамбыл қарт жырын таудың бұлағындай

Құюмен келе жатыр, туған елін
Аралап жаны шолпан шырағындай.
Қайрылмай, ханнан өтіп, таңға жетіп
Кавказдың шарықтады қыранындай.

Күреске шақырмаған ақын ба ақын,
Ақын болса халыққа болсын жақын!
Жырласын ақын болса халық жырын,
Біздің даңқ Кремльдей болсын жарқын.

1937 ж.



Елім менің жерге бай,
Айдынды шалқар көлге бай,
Төрт түлігі мыңғырған,
Егісі көз тұндырған,
Тауы тола кенге бай,
Москвадан барып ашылған,
Көрікті біздің көрме бай,
Ел байлығы тұтасқан
Жерді қаптай, өрді орай.
Жамбыл қалай шыдасын
Оны жыр ғып толғамай!
От оттаған жерімнен
Құлжадайын семірген
Қошқар менен қой да бар,
Тау текедей мүйізді,
Сүті шәрбәт уызды
Ақ бөкендей ешкісі,
Көрдің бе бізден басқа елде
Мұндай байлық қайда бар?
Көп малдың бір көрігі,

Жерді сызған желіні
Бұзауқанның анасы
Сиыр деген бізде бар,
Мүйізі көкті тіреген.
Сандай санды жылқы бар
Сауырынан түлеген.
Мыңғырған менің елімде,
Дегерез деген жерімде
Мың сан құлын енесі
Мама болған биесі,
Текежаумыт айғырдың
Арғымақ туған баласы;
Колхозды елдің қымызға
Иіндей толған сабасы.
Алматыдан андыздай
Үлкендігі қарбыздай
Бақшада өскен алмасы;
Туысқан елде тоғысқан
Шын еңбектің қызығы
Көрмеде тұр Мәскеуде
Грузиннің алмұрты,
Мейізі мен жүзімі,
Оған жалғас жайнаған
Өзбекстан өрігі;
Ұлпалы ақ мақтасы, –
Көрменің бір көрігі,
Түркменстан жерінің
Текежаумыт ат деген
Құлағымен ойнаған
Бейне таудың елігі;
Үйір-үйір жылқыдан
Жүгенін үзе жұлқынған

Арғымақты таңдап ел
Әскерге асыл ат берген...

Бізге осындай бақ берген.
Маңғазды, маң-маң, маң басқан,
Табанын шірей дәл басқан
Түйе деген бізде бар;
Өркештері жар тастай,
Күн шалмаған маңдайын,
Дулығасы таудайын
Қызыл бұйра нарлар бар.
Аруана жүр ойқастай,
Біздің халық еңбегі
Көк темірді жібіткен,
Біздің Отан өнері
Машинаны жүгірткен.

1939 ж.



Мынау тұрған Абайдың суреті ме? –
Өлең-сөздің ұқсаған құдыретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа.
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған,
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терең ойдың түрінде теңізі бар,
Тесіле көп қарасаң көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!


1940 ж.




Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанда үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жасағам жоқ өмірді
Жау сойқанын көргелі,
Төккенім жоқ терімді!
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі.

Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді
Жау біткенді жеңгелі;
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтағандай ел кегі,
Жолды кернеп қол кетті
Сендерге дем бергелі,
Нева алабын қорыңдар
Ленинградтың ерлері,
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!
Дүкенінде жасалған
Машиналар алуанын,
Киров әкеп еліме,
Қуаныш қып алғамын.
Сендерменен қашаннан
Аға, інілі болғамын.
Жоқ қой дегем Алматы,
Енді менің арманым.
Су қыраны секілді,
Балтықтағы ерлерім,
Сыйлық алып не түрлі
Келгендерін көргемін:
Бірге тойлап тойымды,
Бірге көрген серуенім.
Немерем мен шөберем
Бесігінде сендердің,
Жастайынан үйренген
Ғылым, білім өрнегін.









Бүгін Жамбыл тыңдаса –
Естиді жау келгенін;
Есігіңе таласып,
Созыпты озбыр өңменін;
Естерінен адасып,
Жолына үйіп өлгенін,
Жеті басты жалмауыз
Жайыпты қан шеңгелін...
Дегеніне жетпес ол,
Қақпа алдында қансырар,
Келген шығар айдап сор,
Жылан басы жаншылар,
Жау түнегі аршылар.
Тағы сайрар бұлбұлдар,
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар, ұл, қыздар!
Ұлы халық өскен жер,
Бауыр басқан жасымнан,
Жау зақымын көрсеңдер,
Дауысың шығар ашынған.
Оқтар тиіп, өрт шалып,
Дүние мүлік шашылған.
Қанішер жау жүр шауып,
Арандары ашылған...
Білем, бірақ, өмірі аз,
Сондықтан жау ентелер:
Ажалына асыққан
Обырларды жұтар жер.
Қарсы аттанды жауға жұрт,
Көтерілді қалың ел.
Жау батпаны жатыр деп,
Қайысқан жоқ біздің бел.

Тірек болған еліме,
Туым едің сен алғаш,
Ленинградтың төріне
Жау аяғын сала алмас!
Келген жауды түйіліп,
Жеңген едің бұрын да:
Жау сүйегі үйіліп
Қалған өзен, қырында.
Патша қолы-құлдары,
Қырғын тауып бұлдағы,
Сонау соғыс кезінде,
Құмың болған «құндағы!»
Қамалына оқ дарымас,
Ол бір құрыш асыл тас,
Бақшасының қақпасы
Жау қолына табылмас!
Қаласына Лениннің
Жан - жағынан елімнің
Ағытылған от арба,
Батырларын жіберген
Ауыл, қыстақ, шәһәр да,
Ел салмағы қорғасын,
Қорғағалы ордасын,
Құйып жатыр қалаға,
Деп жауымыз сорласын!
Қазақстан жерінен
Мұнай да ағып тасыған;
Сұр қорғасын темірмен
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл мыс
Секілденіп жалын күш
Барып жатыр осыдан;

Сәт сағаты жеткенде,
Көсем жарлық еткенде,
Жаудың тілі байланар,
Солар сөйлеп кеткенде!
Оққа ұқсаған дөңдерім,
Қызыл шырай алмалар
Бал татытып дәмдерін,
Барып жатыр бәрі де –
Жүйрік пенен жорғалар.
Соның бәрі көмегім,
Қанқұмарды жеңуге.
Желкесінен жегенін
Сығып ала беруге!
Уа, қаһарман өренім,
Мақтанышым, беделім,
Сырда тұрып аңғарам
Құтырған жау өрлерін.
Торыққаннан ұлиды
Торып қала көлемін.
Жамбыл тұрып тыңдаса,
Сараң тартқан құлағын,
Жаңғырығып тау-тасқа,
Күнде келер бір жаңа үн:
Жауға жұртты шақырған
Мектеп, завод, шахтыдан
Жинаған ұл, қыздарын.
Ворошилов қол бастап,
Нажағайдай ойқастап,
Қаймықпауға, қайтпауға
Кәрі, жасқа ой тастап;
Жасандырған жасағын
Жерді болжап айқаспақ

Сап-сап болып қол барар,
Қорғап сені ол қалар.
Қатты майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар!
Жаталмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар!
Құс ұйқылы көнемін,
Қайтып ұйқы көремін!..
Жетсін деймін сендерге
Жыл құсындай өлеңім,
Сайып қыран өренім!

1941 ж.



Хатыңды, ботам, оқыдым,
Халіңді білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді
Болыпсың, балам, қаһарман:
Қайтармай жаудан бетіңді,
Қаптаған қолға қасқарған.

Жазыпты сәлем достарың,
Сөздері семсер секілді
Құрыштан құрап қақталған;
Қыруар елден тоғысып
Жігіттер еді аттанған.
Қаймықпай жаумен соғысып,
Хабарын айтқан қайтарған.
Жазыпты бөрі хатында
«Құртамыз жауды жаһаннан.
Болмағы көміл жақында
Жауыздың орны жаһаннам!»

Есінде, балам, бар шығар,
Айтқаным Отан әмірін:
Шегінбе жаудан, жанды сал!
Шешілмек содан тағдырың.
Айнымай, балам, антыңнан
Әкеңнің тілін алыпсың.
Түсіндім түгел хатыңнан,
Тайынбай жауға барыпсың.
Өзіңді қиып өлімге,
Арыңды сақтап қалыпсың.
Қамалын жаудың опырып,
Қоршаған шебін жарыпсың.
Өлігін жолға толтырып,
Табанға таптап салыпсың.
Көрері сол деп нәжістің,
Хатыңда, балам, жазыпсың.

Ризамын, балам, ризамын,
Ризамын ердің бәріне!
Аталық сөзім бұл, жаным,
Құлағын салсын кәріге:
Тыншығар күндер жеткен жоқ,
Майдан көп, балам, әлі де.
Қалтырар өлі жер мен көк
Төзе алмай халық кәріне.
Жауызға жасыл жарқылдар.
Найзағайдай сүзіліп,
Көк бұлттан сарқылар.
Кіріріне жер таппай,
Залымдар сасып қалтырар.
Дауысың жарқын саңқылдар,
Мәртөбөң басып артылар.

Айбатың асар дұшпаннан,
Жауыздың күшін жапырар.

Аянба, балам, аянба!
Бәлекет сонда аршылар.
Алғадай, ылғи алда бол.
Аянған адам болмақ қор!
Бәйгеге барын тігемін,
Сендерге арнап осы жол.
Достарыңа осыны айт:
Жауларыңды жеңіп қайт!
Айтарым, арнап саған сол.

1942 ж.



1

Түнекүнгі кеткеннен,
Ғали жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін,
Жол-жөнекей көрдің бе?
Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйықта дедің бе?
– Қалай қиып қалдырдың,
Қарт әкеңді еліңде?
Елжірейді өзегім,
Ауырады белім де.
Қаза болып көзелім,
Халым қиын менің де.

2

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?

Өлім деген у екен,
Мендей көрі адамға.
Күнде үйімде күңіренем
Көзіме жас алам да.

3

Құр сұлдерім, есім жоқ,
Жүріп тұрған десім жоқ.
Деп қараймын сәбиге:
«Игіліктің кеші жоқ!»
Бала қалды жетім боп,
Келін қалды жесір боп,
Біздей көріп кісіге,
Көз салындар есіркеп.

4

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ,
«Орынсыз деп өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ.
Көп жайланған жабының
Жал-құйрығы сұйылар...
Сол сияқты Жамбылдың,
Жұқарыңқы түрі бар.
Көңілі бос-көрінің,
Көкейлерің ұғынар.
Көтермей жан жалынын,
Көзден жасы құйылар.

1943 ж.



Қақаған қар аралас, соғып боран,
 Ел үрей, көк найзалы жау торыған.
 Байғара, Жамбыл, Ханда¹ мен туыппын,
 Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.
 Солайша Жамбыл тауда Жамбыл туған,
 Қырық күндей маймен сылап, түзбен жуған.
 Сүйінбай, одан әрі Бұқар жырау,
 Атақты ақындардың жолын қуған.
 Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
 Сары аяз, көш жөнекей боран күні.
 Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
 Жұтынып, суық ауа шыққан үні.
 Мен емес, суық дәмді ел де алыпты,
 Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.
 Қара күн, хан билеген, қанды жорық,
 Дегендей ел аузында сөз қалыпты.
 Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
 Қамыққан, қанды жасты жанды көрдім.
 Ел көрдім; еңіреп босқан аңды көрдім,

¹ Байғара, Жамбыл, Хан — тау атаулары.

Қойнында Алатаудың зарды көрдім.
Бой бермес, ел өмірі асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.
Бірде от, бірде суды көктей кешіп,
Талпынып, тілегіне басты ілгері.
Өмірмен араласқан өсті Жамбыл,
Ел басқан отты, суды кешті Жамбыл.
Құлыннан құнан да өрлеп, дөнен де өрлеп,
Шыққандай бола қалды бесті Жамбыл.
Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.
Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.
Сол еңбек қалытқыдай кетті алып,
Байлардың жақындатпай мырзасына.
Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым.
«Жас ақын», «жап-жақсы ақын»,
«Жамбыл ақын»,
Дегенде, дара болып көзге түстім.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзатты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек, басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалтылдадым.
Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа.

Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.
Жауларды ел қарғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап, ел не дер деп, алаңдадым.
Келгенде жеме-жемге, елде қалдым,
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы,
Келмеді сасық, шалшық жерде қалғым...



Сөндің бе жарқыраған шам-шырағым,
Қалдың ба тас бітеліп қос құлағым?
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сеп болып сөйлетесің жалғыз жағым.

Қалыпшын ие болмай өзіме-өзім,
Әлім жоқ, күш, қайратты өтті кезім.
Балалар, өлгенімше болысыңдар,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

1944 ж.





207

АЙТЫСТАР



Төре деп мұнша неге мақтанасың,
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақыясың.
Сорлы сені қатарға қашан алды,
Сайлауда көкке қарап ақиясың.
Ішкенің су орнына арақ, боза,
Доzaқтың ортасында қақиясың.

ЖАМБЫЛ МЕН ҚҰЛМАНБЕТТІҢ АЙТЫСЫ

ҚҰЛМАНБЕТ:

Құлманбет менің атым құлан аян,
Менің құлан екенім тәңірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.
Қара күңнің баласы Ысты бақыр,
Кім өлсе соған түсер заман ақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме қайда жатыр?
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейітбаттал, Ер-Әлінің соғысындай,
Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр!
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.

Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Топтан озған о дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!
Жамбылды Құдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бәрі көрді.
Жамбылды ол Құлманбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкенісіп сөйледі енді.
Сондағы Құлманбеттің сөзі мынау,
Арам тер талай ақын болды бұлау.
Жамбылға сонда тұрып былай деді,
Басқасы болмаған соң аяқ ылау.

– Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бәрі соғады тау сағадан.
Бас қосып, бағландармен қалмақ үшін,
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.
Аузыңда сәлемің мен аманың жоқ,
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
Жүрмегін омақасып орға түсіп,
Өмірі кішілікке баспай қадам.

Өлеңші өршеленген толып отыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.
Мысалы, дүниенің сол секілді,
Бәрі де көрмегендей болып отыр.
Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.

Тоғыз тұрмақ, ақының он бір болса,
 Немене, бәріңді де басып өтпей!
 Қамалып қам теріге¹ бүрмеленбе,
 Қысты күн қар астында қалған шөптей.
 Мені шын жеңемін деп желікпей-ақ,
 Қойыңдар, абиұрды шашпай, төкпей.

Апырым-ай, Құлманбеттің келді кезі,
 Қалай теріс болады айтқан сөзі.
 Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
 Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегенің некесі жоқ,
 Бай болады диқаншы тамағы тоқ,
 Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
 Дегенің Үштанбалы керегі жоқ.

Албан аға болғанда Дулат іні,
 Сөзінде Құлманбеттің бар ма міні;
 Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,
 Шапыраштының не болар көрген күні.
 Домалақтың төрт ұлы есен болса,
 Сірә, жеңбей қоймаспын бүгін сені.

Жөнделіп жүйткушем жөнсіз жерден,
 Мен жауға алдырмаушем әлсіз жерден.
 Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
 Асықсаң ажалыңа келші бермен!

Болғанда мен ақсұңқар, сен бір тауық,
 Сен өтеш айқайлағыш ауық-ауық.

¹ Қим (*арабша*) — хам — жас, бұл жерде шикі тері мағынасында.

Болмаса аты шыққан Сүйімбайың,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал түртіп жүрмесін аңдамастан,
Оқтаулы ақ пернеге қарсы шауып.

Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық дүр сенен бағам.
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен
қаптатсам,
Қырылар Шапырашты бұзау, танаң.

Бұлбұл қабақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басынды кетейін бе-ай,
Не деп айтқалы отырсың бұл өленді,
Түбіне таза тақыр жетейін бе-ай.

О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың.
Тобықтай түзу жерден жол таппайсың,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма?
Сенің байың Шолақбай, Дулаттай ма?
Қалың жатқан келейін Майлыбайға,
Мұнан соң мен барамын Бектембайға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей бегің қайда?
Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсембайда.
Дәметкен сары майдан кеудең қайда,
Жамбылым, енді келдің ұрар сайға.
Ойың бар айтыспаққа меніменен,
Түбінде кімге зиян, кімге пайда.

Шапырашты сөйлесең жаманың жоқ,
Шуу десең бәрің жүйрік шабаның жоқ.
Тантайлаған қырғызды бөкселеген,
Баяғыдай кеулеген заманың жоқ,
Кіріп келіп есіктен үндемейсің,
Үлкенге сөлемің жоқ, амаңың жоқ.

Үндемей кіріп келдің тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай байқап қара.
Үлкенге сөлемің жоқ, амаңың жоқ,
Не басыңа күн туды дүзі қара.

Ей, Жамбыл, үндемейсің дертің бар ма?
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Шапқанмен к... мәлім Шапырашты,
Ұстасар меніменен кертің¹ бар ма?

Мен айтсам айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды;
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды,
Ашулансаң аспанды тастап жібер, –
Сен де аянбай қимылда барлығыңды!..

ЖАМБЫЛ:

Қызғанша айқай шығып, едім салғыр,
Сөйлейсің әр немені тілің шалғыр;
Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,
Қалайша шайқақтайсың тәңірі алғыр!

Сөйлесем өлеңімді түптен бермен,
Құйылар сөз нәсері көктен, жерден.

¹Керт — өл, қуат мағынасында.

Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші бермен.

Шуу десе, жүйрік озар мынау қолдан,
Демей гөр, ескі аруақ, алып қолдан.
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.

Құлманбет, сен жақсы да, мен жаман ба?
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің басы аманға!

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Құлманбет сөз сөйлейсің анықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбе кезек кісідей шалықтамай!

Ерлігім ерлігіңе дөп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,
Есіріп көрген жерден ентеледің.
А, Құлманбет, Құлманбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!

Түн де қайтып келеді,
Асқаралы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,
Кесірің жұғар, Құлманбет,
Қу пәлекет арман кет!
Таз Құлманбет сен болсаң,
Мен де алдыңа тартайын,
Мақтан қылар жайымды,
Арқаларсың уайымды,
Ел байлығын қаптатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті,
Алматының өзенінде,
Бір шеті Қарақыстақ,
Кәстектің кемерінде,
Несі болмас құданың берерінде.
Бұған қайтып жетесің,
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетінен,
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең өтесің.

ҚҰЛМАНБЕТ:

Осыны түлен түртті ғой, құдай тала,
Жапанда жалғыз құрай болмас пана!
Ерлік пенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектеп қашарсың байғұс бала.

Қалайша болып отырсың ырғай мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың!
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,

Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.
 Тұра тұр, тағы айтайын, көптігімді,
 Көптіктен айтсам үземін шеттігіңді.
 Шапырашты күйіңмен байлық айтып,
 Өрлікпенен көрсетпе өттігіңді!

ЖАМБЫЛ:

Мен барайын төменгі,
 Асыл менен Шыбылға.
 Мықты болсаң, Құлманбет,
 Күрескеннен жығылма!

Бұ жақтағы Дулатты,
 Тастай бере асығып,
 Бабаға барып тығылма!..
 Бабаң қойын бу қылып,
 Әруаққа ұрынба!..

Ішнәрсе қанша айтқанмен ете алмайсың,
 Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.
 Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты
 айт,
 Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!
 Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
 Оны мақтап әуре болмай, жөніңе қайт!

ҚҰЛМАНБЕТ:

О, жазған, Албан бай ма, Дулат бай ма?
 Бабаны айттым тұрсын деп, Дулат жайға.
 Сенің елің адамы байғұс екен,
 Қазыналы ойлаған Дулаттай ма?

Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде тулап жатыр.
Он түйеге көшкенде жамбы артады,
Әбекемнің тіккені жібек шатыр.

Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе?
Ақшаға толтырармын етегіңді.
Албан жағы тоқтасын мұныменен,
Қасқараудан салайын Өтегенді.

Баласы Өтегеннің Нарақан бай,
Білемісің мың жылқылы жатыр қандай.
Сатыбалды, Естімес, Алмақ-Салмақ,
Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.
Шенет қалды тағы да бұ жағында,
Жаратқан оны да артық патша құдай.

ЖАМБЫЛ:

Керек болса ақшаны,
Көп қапқа салып алдырған,
Ел көшкенде қазынасын,
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырған,
Жібектен арқан тарттырған.
Әлемді алып байлығы,
Әсемдігін арттырған.
Олай болса өктемдеп,
Алатауды бектерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін;
Қалай айтсаң, олай айт,
Құлманбет саған төтейін.
Бұдан шығып аяндап,

Кәстекке барып жетейін.
Ол Кәстекті жерлеген,
Ересі судай өрлеген,
Сұраншы, Саурық батырым,
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кемерден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халқының,
Тар кезеңді бермеген.
Тоятын тілеп алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген.

Барайын енді аяңдап Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға.
Ұлы жүздің тірегі батырым ғой,
Бір болмаған ығай мен сығайыңа.
Қайыры қарашыға сондай жақсы,
Қандырар сусындатып қант пен шайға.

Байлық, бақыт тек оның ерлігінде:
Ерлікпен ел намысын берді кімге?
Өңкей сасық байларың сен мақтаған,
Қолдарынан боқ келмей жүр өмірде.

Кімің бар Сыпатайдай төңіректе,
Арғымақ мінгізеді ал керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп қамшы басып көксерекке.
Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан,
Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.

Кім мақтамас қайырымды ер Сыпатайды,
Дәулетімен ораған Алатауды.
Қанша халық аралап жүрсем-дағы,
Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды.

Бұл сөзді мұнда тастайын,
Сабыр қылып саспайын.
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгеі жақтан бастайын.
Ол күнгейді жерлеген,
Желмая мініп желмеген,
Өрге салсаң өрлеген,
Жер жәннәтін жерлеген,
Байтелі, Қамен, Дәулетті,
Жапек пенен төртеуі,
Бәрі ерлер әулетті.
Өнері асып әр жаннан,
Түзеген көшін сәулетті.
Асықпай тыңда, Құлмамбет,
Беремін кезек нәубетті¹,
Онан бері асайын,
Теріскейге қадам басайын –
Жоғарғы шеті Мырзабек,
Бәрі де өңшең қаракөк,
Арғы атасы – Қашке – қарадан хан болған
Қылған ісі Әбілпейіске таң болған.
Аруақты ер болып,
Алқабымен ел болып,
Сондай-сондай жан болған.
Төменгі шеттен айтайын:
Әлі менен Нұрабай –

¹ Нәубет (*арабша*) — кезек, мұрша мағынасында.

Ер Қашкенің тұқымы,
Атасы жауға аттанып,
Жауды көрсе шаттанып,
Ат құйрығын бұлады,
Елінің басын құрады.
Онан былай өтейін,
Көзіңді сенің көр қылып,
Көлденеңдеп кетейін.
Ертерек жүріп ентелеп,
Серек тасқа жетейін.
Серек тасты жерлеген,
Байлығы тасып көл деген,
Қилыбай ұлы Қожамбет,
Көк берендей түтеген,
Көкірегіне құдайым,
Тоқымай нұрды бітеген.
Айға білеп азуын,
Аспанға қолын сілтеген.
Көтерілсе талайым,
Түстік жерге тоқтамай,
Орынсыз мылтық оқтамай,
Өтеген, Қазбекке барайын.
Сол жерде жатқан өтем деп,
Атамыз қылған мекен деп,
Ыбырайымның алты ұлы,
Алтауы да арыстан.
Дұшпанын табанына жанышқан.
Қазақтың қамқор ерлері,
Қарулымен қағысқан,
Азулымен алысқан.
Уа, Құлманбет, сөз тыңда,
Байларым деп салмақтап,

Не қыласың құр мақтап,
Өңкей ақымақ есекті.
Елдің сиқын кетірген,
Кәсіп қып өтірік-өсекті.
Мен сөйлесем қаларсың,
Ашылмас тұман ескекке.
Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман!
Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман!

ҚҰЛМАНБЕТ:

Барайын Қасқарауда Бекет байға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?
Саралалы, көк жылқы өзенде бар,
Қожамберді атасы Телді тайда.

Сұлтан жатыр Шоқпардың қайқысында,
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла.
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?

Шапырапты басыңмен байлық айтып,
Сен кезікпей жатырсың құлар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің байғұс шолақ,
Сары майдан дәметкен кеудең қайда?

Өлеңді бір соғайын түйдегімен,
Әжібайлап тиейін бүйрегіңнен.
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді –
Сен тұрмақ үміт көрмен үйдегіңнен.

Шапырашты, мақтанба, к... белгілі,
Әркім-ақ тұрған шығар – беп-белгілі.
Құладыңды қайырып қуға салсақ,
Тышқан алған көруші ек бөктергіні.

Салғалы отырсың ба көптігіңді,
Тіпті керек қылмаймын септігіңді.
Айыл жіптеп тартып кел шеттігіңді,
Ерегиссең үземін көпшігіңді.

ЖАМБЫЛ:

Сыпатайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақаман бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып алтын боз жасаған бар.

Екейден мен айтайын Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғым тайпалмайды.
Аңырып өніме аңдар қалатұғын,
Өлеңді бүйтіп жыршы айталмайтын,
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлманбет неменеден сайтандайды!
Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көңілін басқан.
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байыңнан асып, тасқан.

Алматының шаһәрінде,
«Көк күмбез» үйді салдырған,
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын:
Қызылжар мен Семейден,

Мына шетін айтайын:
Ташкент пенен Наманган,
Әндіжан мен Марғұлан,
Ақша деген неменді,
Қапқа салып алдырған.
Жігіттер бар жетілген,

Орыс, қазақ ұжым боп¹,
Тізе қосып бекінген.
Бұларды айтсам мақтанып,
Жерім бар ма шалдырған.

Құлманбет:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,
Шуу десе көкбестідей зымырайын.
Есқожаға тығылған жаман екен,
Бір сапарға еліңде жоқ па байың?

Айтасың, Шапырашты, ерлігіңді,
Шыр айналып соқтырдым белдігімді.
Секеңдеген серкенің ажалы деп,
Ақыры Саурық, Сұраншың жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігіңді.
Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы,
Ерліктен тапқан олжа, пайдаңдағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Жайқалды Сарыбайдың саймандары.

Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,
Шоқпарлы Сарыбаздан жәбір көрген.
Ерлікте батырлықпен нең бар жазған,
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.

¹ Ұжым — бірлік, ынтымақ мағынасында.

Жамбасы Сарыбаздың сонда шыққан,
 Дәлелді сөзім осы естіп ұққан,
 Иман айтып, жаназа шығармастан,
 Апарып екі бүктеп жерге тыққан.
 Алдымнан айғақ болып шығады-ау деп,
 Жүрмесең күрбелектеп қорқып сұқтан.

ЖАМБЫЛ:

Жақсылық-жамандықты тексереді,
 Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
 Елімнің ерлігімен мақтанамын,
 Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.

Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлманбет,
 Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.
 Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
 Халық үшін шәйіт¹ болып жанын берген.

Елді қорғап өлгеннің арманы не,
 Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
 Қожалық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
 Ағайынмен ұрысып даудан өлген?

Шапырашты Дулаттың бәрі куә,
 «Шытыр» жеген өгіздей аунап өлген.
 Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
 Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Түлен² түртіп отыр ма, таз Құлманбет,
 Керікүл мен Сақаудан аз Құлманбет.

¹ Шәйіт (*арабша*) — дін жолында соғысып өлу.

² Түлен — шайтанның аты.

Алақандай басыңның бір қылы жоқ,
Боласың неменеге мөз Құлманбет.

Құлмамбет, мен білемін түбің Уақ,
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.
Басыңды осы арада кесіп алсам,
Кісі жоқ қылмысыңнан алар ақтап.

Үстіңе жайдың оғын жайлатармын,
Екі қолыңды артыңа байлатармын.
Арамызда кісі өлтірген қашқын жүр деп,
Жұртыңа здавайттап¹ айдатармын.

Құлманбет ақын Шаншар Суандадың²,
Нашар едің, бұл күнде жуандандың.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Қуарып үш бешпентпен қуандадың.
Құлманбет Суандадың Албанменен,
Албандай бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ау, қай жеріңмен мақтанасың,
Есің жоқ шашың жұртта қалғанменен.

Арқадан ауып келген Ақтабансың,
Елді алдап ақынмын деп мақтанғансың.
Таз Албанның баласы Құлманбет деп,
Дүйсенбай, Сәт, Мөңке жанын беріп ақтап алсын.

Жамбылдың жеңіп бөйге алған жері,
Жеңіліп Құлманбеттің қалған жері,
Ішегі Құлманбеттің үзіліп қап,
Осы екен бір азғантай арман жері.

¹ Здавать – (орысша - сдавать) – беру, тапсыру мағынасында.

² Бұрын түбің Шаншар еді, енді Албан – Суан болдың дегені.

ЖАМБЫЛ МЕН ШАШУБАЙДЫҢ АЙТЫСЫ

Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде үлкен жиын болады. Бұл жиында ел кезіп, серілік қып Арқадан келген Шашубай ақын да болады. Осы жиында отырып Шашубай былай деп өлең бастайды:

Ақынның сүйір келер тіл мен жағы,
Іркілмей осы күнде сөйлер шағы.
Көрмекке бізге уажып¹ нұр дидарың,
Жетісу, аманбысың, өң саңлағым?

Жайылды Шашубай боп менің атым,
Кеудемде саудырлап тұр жазған хатым.
Бұл жерде дәм-тұз айдап, жүз көрістік.
Жүрмісің, жалпы тегіс, асыл затым?

Жүрмісің аман-есен, батыр Сәтім,
Ілгері болыстардан салтанатың.
Сұңқар болып туыпсың Ниязбектен,
Тарайды Есенқұлдан арғы затың.

¹ Уажып — (арабша) — істеуге міндетті болған іс.

Және де жардам болған бабаң Жаныс,
Ер дейді, қазы болған жұртқа қалыс.
Шашубай күнде бүйтіп келе бермес,
Теңіздің аяғында, жерім алыс.

Жүрмісің есен-аман, өң саңлақтар,
Көк мұзда тағасыз ат тайғанақтар.
Сарыжан, Саймасаймен, аманбысың,
Аш-арық, кембағал мен сізді жақтар.

Жайындай өрге жүзген қадамдысың,
Өр жерден атағың бар хабарлысың.
Дулатта мойны озған жігіт дейді,
Алпысбай, Мәңкеменен аманбысың?

Сөйлейді сөйле десең, бұл Шашубай,
Дәреже өз басыма берген құдай.
Алматының саңлағын тегіс жиып,
Той қылды компания Байбұлан бай.

Сұрасаң, менің атым Шашубаймын,
Болғанмен үйде кедей, түзде баймын.
Баласын Орта жүздің айдап жедім,
Қалтамның түбі тесік байымаймын.
Желге ұқсап ұйтқып соққан зуылдаймын,
Ешнәрсе сондадағы тындырмаймын.
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Сағыңды өлең жақтан сындырмаймын.
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,
Табаным қызған сайын бұлдырлаймын.

Албанда о да өткен Абақ, Жайнақ,
Өтіпті Сайым бөлек саңлақ айдап.

Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Сөйлейді бұл Шашубай тамашалап.

Мен келдім Орта жүзден теңізді өрлеп,
Қыдырып сөз қозғадым көлденеңдеп.
Жол басып он сегіз күн зорға жеттім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.

Бәрің де аманбысың есен-аман,
Шүу десе жүйрік озар мыңнан-саннан.
Отырмыз ғанибетпен жүз көрісіп,
Отырмыз тамаша етіп жоқтан, бардан.

Дуаным Қараөткел мен Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы.
Алған соң еті қызып тоқтата алмас,
Өлеңді тағы отырмын шайқағалы.

Шашубай өлең жаққа қадам басты,
Бұл күнде сіздермен кеп амандасты.
Жүйріктің топтан озған біреуімін,
Келдім де қалың шаңға араластым.

Желгенде жер қалмайды Күрең аттан,
Жолаушы жолым алыс келе жатқан.
Жүйрікпін шартараптың тұзын татқан,
Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан.

Шашубай менің атым, елім қырда,
Сол қырдан дәм бұйырып келдім мұнда.
Кәрі аруақтың орнында бір шырақшы,
Қалың ел аманбысың Жетісуда?

Сұраншы қарсы шыққан атқан оққа,
Шашубай көп сөйлеген талай топқа.
Компания Байбұлан той қылыпсың,
Бізбенен қармасарға ақын жоқ па?

Біреуді Жамбыл деген мақтайсыңдар,
Жасырып оны қайда сақтайсыңдар?
Ақын болса тез алдыр, Байбұлан бай,
Әйтпесе, ел намысын таптайсыңдар.

Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,
Ішкені Ұлы жүздің шөп келеді.
Орта жүздің ішкені құнан қымыз, денен
қымыз,
Ұлы жүз көженің қоюына өкпелейді.

Орта жүз Ұлы жүзден бай келеді,
Ірбіттен сірісімен шай келеді.
Бәйгені алса Орта жүз жүйрігі алар,
Шолағы Ұлы жүздің қай келеді!

Бар екен Орта жүздің төрт баласы,
Халайық мен айтайын, сен санашы.
Төртеуінің арасы он күндік жол,
Келеді осылайша шекарасы.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Халқымның топтан озған жүйрігімін.
Ұлы сарын жүйріктің біреуімін,
Жұртыма нарық көрсеткен үлгілімін.
Байбұлан кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?

Тағалы, төрт аяғы мен бір жорға,
 Ылайық тар көшеге салдыруға.
 Ақын болса тез келсін бұл араға,
 Бізбенен жарар ма екен пар қылуға.

Руым Орта жүздің деген жері,
 Жалпы отыр Жетісудың кемеңгері.
 Жүрексініп тұрғандай не бар мұнда,
 О, шіркін, ақын болса келсін бері.

Біздің кеп айта берсе толып жатыр,
 Бірі көшіп біреуі қонып жатыр.
 «Сейітбаттал, Ер Әлінің соғысындай»,
 Не де болса, боп қалсын; бері шақыр!

Бұдан кейін Байбұлан бай кісі жіберіп, Жамбылды шақыртады. Байбұланның өз үйіндегі ең «сыйлы» қонақтары – байлар арақ ішкен қызу еді. Шашубай да ішіп алған, қызу, Жамбылды көре салып өлеңді ағындатып қоя береді:

Әрине, Шашубайдың айтар сөзі:
 Көп көрген мұндай топты шырай жүзі.
 Сырлы ағашын қолына ұстаған боп,
 Келіпті азап айдап, бұл кім өзі?

Сонда отырғандардың бірі: «Сенің іздеп шақыртқан Жамбылың осы» – дейді. Онан сайын екпіндеп Шашубай сөйлеп кетеді:

Алматы тауы адыр, жері дала,
 Шашубай сөз сөйлейді, жеке, дара.

Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Күн туды не басыңа дүзі қара?!

Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайыңнан болдың даңғыл.
Үндемейсің ұнжырғаң түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа, тәңір алғыр!

Шашубай арақ ішіп желдеп отыр,
Қайдағы асыл сөзден тергелі отыр.
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
Ауылшылап келмесең сөйлей отыр!

Орта жүз, Ұлы жүзден көп келеді,
Бәрі де Орта жүздің бек келеді.
Аянбай барың болса қамдана бер,
Шапандай қанжығаға бөктереді.

Бәрі де көрініп тұр беп-белгілі,
Сақтанба, көрмегендей к... белгілі;
Ақсұңқардай қырандай мен тұрғанда,
Тышқан алған мақтайды бөктергіні.

Арқада мен айтайын салдығымды,
Мұнда келсе айтайын бек, төре, хандығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қимылда барлығыңды.
Барлыбек, Тұрлыбекпен аман болса,
Жандарал да бұзбайды жарлығымды.

Жамбылжан, танимысың мен баяғы,
Қолыңда Асай-Мұсай шал таяғы¹.

¹ Асай-Мұсай — шығыс елдерінде дінге байланысты айтылатын Мұса пайғамбардың қасиетті таяғы.

Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп,
Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы.

Бір көзі Сәмі-жанның қысық екен,
Байбатшаң, Мәңкіменен пұшық екен.
Бірің ойқы болғанда, бірің шойқы,
Бәрің де қосылыпсың ойдан, қырдан,
Күйкі тұғыр сияқты сұсы бөтен.

ЖАМБЫЛ:

Сөйлесіп мен сықылды кемеңгерге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып, Ақтабан боп келген Арғын,
Желіктің өз-өзіңнен неменеге?

Сорыңды бүйте берсең қайнатармын,
Бент¹ қылып қол-аяғыңды байлатармын;
Без билет шұбырынды жаман Арғын,
Жеріңе часабаймен² айдатармын.

Халқымда мен бір жүйрік озып жүрген,
Әр жерге құлашымды созып жүрген;
Арқадан ауып келген Ақтабансың,
Желігіп өз-өзіңнен мақтанасың;
Шұбырынды Арғынсың тозып жүрген.
Арқадан ауып келген жалаң аяқ,
Сен-дағы қимылдадың аянбай-ақ.
Бұл жаққа жан бағуға келдің қаңғып,
Тиіп кетіп жүрмесін саған таяқ.
Ажалдың оғы келгенде,
Қорғаны болмас көбенің.

¹ Бент (*парсыша* — бөнд) — бекіту, байлау мағынасында.

² Часабай (*орысша*) — часовой — күзетші.

Түсі суық келеді,
Төрт қырлы көк жебенің.
Аптықпай сөйле, Шашубай,
Сынып қалар бедерің.
Қаңғып келген аш-арық,
Тойынып кеткен екенсің!
Білдім жаңа себебін.
Тойындырған талайды,
Берекелі ел едім.
Қаңғып өткен, Шашубай,
Қашан маған тең едің?

ШАШУБАЙ:

Ей, батыр, Арғын деген ағаң енді,
Алдыңа жол салдырған дадаң енді.
Ашулансам, желкеңді жырмен қиям,
Шығарма дыбысыңды, бәлем, енді!
Шашубай сөйлеп кетсін інің енді,
Ініңнен соң не болар күнің енді!
Желкеңді ашулансам жырмен қиям,
Байқап аш ауызыңды бүгін енді.

Төгіліп менің сөзім келе жатыр,
Қолыңда бектерімнің алтын шатыр.
Өзіңді өзің көтеріп желікпегін,
Аузыңды бағып сөйле, Жамбыл батыр!
Қайсымыз жеңсек те сынға түсіп,
Арт жағы болып қалсын ақыр-тақыр.

Бұл күнде дәуірлеп тұр Байбұлан бай,
Жал мен жая, жегені қант пенен шай.
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақыя тамам төре,

Бұлар да неше мұқам¹ білген айлай.
 Жетісудың тілеуі тағы боп тұр,
 Бұлар да заманында бір шар айнай.

Ұлық боп Ұлы жүзге болған төре,
 Не қылғанмен бұлардың орны өзге.
 Басшы боп Ұлы жүзді қарап тұр ғой,
 Ие боп осы күнде сіздерге де.
 Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке,
 Бұлардың шартарапқа даңқы кеткен.
 Көшедегі орнатқан панардай боп,
 Бұл күнде қазы боп тұр әрекетпен.

Сөйлесе сөз келеді Шашубайдан,
 Сен оңайсың Жамбылым ішкен шайдан.
 Байлығым мен бектігім сенен артық,
 Бір зырқырап жүгірейін әлдеқайдан.

Қараөткел дуаныңда менің жайым,
 Әр түрлі өнері бар Шашубайдың;
 Емеспін Жетісудың шолағындай,
 Өлеңге соғып тұрған борандаймын!
 Қайырлы Байбұландай байың қайда?
 Бұлардың нұры балқыр туған айдай.
 Күрсілдек, омырау соқпа неме екенсің,
 Мұнымен жеңемін деп ойламағын,
 Дәметкен сенің-дағы кеудең қайда?
 Басамын осыменен қарқыныңды,
 Аузымнан шығарайын алтынымды.
 Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
 Езермін бала құстай алқымыңды.

¹ Мұқам (*арабша* — мақам) — сөзді ырғағына келтіріп айту.

ЖАМБЫЛ:

Енді Жамбыл сөйлейді,
Ескен желдей гулейді,
Елірме, батыр, сен, – дейді!
Желіксең де мінекей,
Мен аса алмас бел дейді.
Өзіңді өзің көтеріп,
Мақтай бердің есіріп,
Мақтансаң да батыр-ау,
Сендей неме ежелден,
Ширегіме келмейді!
Сөйледің сен де аямай,
Ал Жамбылдан сөз шығар,
Асылдан ұшқан қылаудай.
Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай.
Зырқырап Жамбыл сөйлесін,
Өрге жүзген қайықтай.
Сынға түссін сөзіміз,
Осы отырған халыққа-ай.
Бақ, дәулетім басылмай,
Жетісудың саңлағы,
Тегіс отыр қасымда-ай.
Бағып сөйле аузыңды,
Еліре берме, Шашубай.
Ерегіссең менімен,
Тауып ұстас теңіңмен.
Ерегіссең, Шашубай,
Еңсеңді үзіп кетермін,
Аспаннан түскен жасындай.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,

Шапырашты Наурызбай,
Соларға кезек бермеген,
Ұлы жүздің ішінде,
Ұраным менің Қарасай.
Қарасайдың ұлымын,
Айтулының бірімін,
Нар кілемнің түрімін.
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа егеген.
Алды-артыңды буамын,
Сені асырмай кезеңнен!

Мен-дағы тоқтамаймын айтар сөзге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Бай болған деп мақтайсың Байбұланды,
Есіріп ақ суына әлденеге.
Байбұлан мініп келген Қарала атты,
Келді де біздің жердің дәмін татты.
Алматы Тастағында, қара лашық,
Тікті де, көң-қоқырда үш жыл жатты.
Тексеріп сұрай берсең тегін арғы,
Арқадан ауып келген ұры-қары.
Тері-терсек жымқырып ұрлап сатты,
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Бай болып ұрлықпенен асып-тасты,
Мұнымен мақтануың жарамас-ты.
Бағып сөйле аузыңды, Шашубайым,
Дертке дерт қосар жаман бақсы.

Төре деп мұнша неге мақтанасың,
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақыясың.

Сорлы сені қатарға қашан алды,
Сайлауда көкке қарап ақиясың.
Ішкенің су орнына арақ, боза,
Доzaқтың ортасында қақиясың.



ДАСТАН

*Мейірімді туған Сұраншы –
Елі сүйіп жасынан.
Жетім менен жесірді
Атына артып көшірген,
Ерегескен жауларын
Су құйғандай өшірген.
Тарығып келген қарттарға,
Қайғырып жаны ашыған.
Қабағынан қар жауды,
Кірпігіне мұз қатты,
Кім еді деп басынған?!*

Ақ домбыра қолға алып,
Ай мен апта толғанып,
Жылға құйған теңіздей,
Жырдың селі тасқындап,
Ақ семсердей жалтылдап,
Шағылысқан күн шалып,
Құрағындай айдынның,
Жел шайқаған ырғалып,
Терең теңіз тұнбасы,
Тұнбада жатқан нұр тасы,
Таратқан Жамбыл жырды алып,
Үздіксіз болған он күн той
Тыңдағанда ел болып,
Ақ бидай терген тауықтай
Елге жырым жөн болып.
Алатаудың аясы,
Балауса балғын саясы.
Жырыммен шыңы жаңғырып,
Ақын Жамбыл мен болып,
Өскен ем, өрем кең болып,

Өзен деген ат болмас,
Ат жалдарлық су ақпай,
Ғалым деген ат болмас,
Айтқаны тұрмай шырақтай!
Әнші деген ат болмас,
Әуезі көңіл жұбатпай.
Ақын деген ат болмас,
Қандырмай мейір суаттай.
Алатаудан арындап,
Асау өзен құлатпай,
Алабұртқан көңілдің,
Қытығын таппай сұратпай.
Досың болса күлдіріп,
Сүйсіндіріп жұбатпай.
Жауың болса бүлдіріп,
Домбыраң берен, жырың оқ,
Дәл тигізіп сулатпай.
Домбырасы шіңкілдеп,
Жағына сөйлеп күлкілдеп,
Айтқан өлең өлең бе –
Бақылдаған ылақтай?

Ақындардың ақыны,
Айдың көлдей ақылы,
Жыр тұлпары Сүйімбай
Осылай айтқан уағызы –
Қалғанда жырды ұнатпай.
Ескіден есте қалғаннан,
Жасымда айтқан жырлардан,
Ескерткіш еді батырға
Қиядан шауып қырды алған.
Қиынға шауып жол салған.

Бөрі басқан бүркіттей,
 Қансыратып жауды алған.
 Батырдың жыры сүйікті –
 Қатықтай ұйып тыңдалған.
 Жамбыл-Жамбыл болғанда,
 Жыр дауылы қозғанда,
 Қырғыз, қазақ еліне
 Талай рет жырланған,
 Бата берген Сүйінбай,
 Жырдың тіккен туындай!
 Айтқанда маған ақылды,
 «Жырла!» деген батырды,
 Есімде мәңгі сол қалған.

Бойға қуат болғанда,
 Жиырма бестің жалыны,
 Тебінсе темір үзгендей,
 Толыққанда қаруы,
 Сия сауыт, қаламсыз,
 Дәптер, кітап, қағазсыз,
 Ой қозғаған домбыра,
 Сөз қозғаған домбыра!
 Болған кезде Жамбылдың
 Домбырамен жазуы –
 Жырланып еді осы жыр.
 Жырламайын десем де,
 Ел тілегі қоймады:
 Таудан құлаған тарғыл тас,
 Тарығып шығып көзден жас,
 Қыспақ заман кездесіп,
 Қайғы басып қарындас,
 Тарыққанда сүйенер,

Ел батырын ойлады,
Ойламасқа болмайды.
Қабағы түсіп қамығып,
Батыр ұлын сағынып,
Ескіні еске түсіріп,
Жырым еді сондағы.
Қарасаң, балам, жоғары
Көтеріліп қабағың,
Мұз дулыға, қар сауыт
Алатаудың алабын,
Желкілдеген қарағай
Көк майсалы тамағын,
Жұпар иіс боз жусан
Бетеге басқан балағын,
Ескі үйді сонау бір
Шығарып естен барамын.
Алатаудың аты көп:
Теріскейі Ұлы жүз,
Күнгейінде Қырғыз бар.
Шоқысының аты бар;
Қозыбас, Қордай шоқысы,
Сонан өрлеп тартылар,
Суықтөбе, Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі,
Шұбар аттың өрі бар,
Қасқаасу мен Үшқоңыр.
Қарағайлы, Құрттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есікті, Түрген, Ақшелек,
Қарқара бар, Асы бар,
Шыңдардың шыңы Хантәңірі

Таудың биік басы бар.
Жетісудің желіні
Деген тауым осылар.

Қоршаланса ақ бұлт –
Ойында жаңбыр, өрде қар.
Ойпатында көк шалғын,
Ұшарында мұзды ызғар.
Бейне өмірдің бейнесі –
Бүгін шаттық, кеше зар.
Жайлағалы мұны адам
Санап бітпес не заман?!
Неше халық, неше хан,
Тапты қырғын талай жан,
Толып жатқан оқиға –
Соның бірі айтылар.

Заман-заман дегенде,
Заманға қожа адам ғой!
Наразы болсаң заманға,
Бар кінәні соған қой!
Жырға желі сол заман,
Елдің күні қараң ғой.
Қақпалап елді хан мінген,
Қайғы басқан жаман ғой.
«Зар-заман» деп ат қойған,
Зарланған халық сонан ғой.
Зарлануы халықтың –
Шектен асып ушықты.
Айдаһар жұтып аюды,
Шоңбас жеді шымшықты.
Лек-лек солдат айдатып,

Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға
Алуға патша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа
Түтіндетті мылтықты,
Ертістен өтіп, жоғары,
Жетісуға қол сұқты.
Бұрынғы қожа Құдияр,
Қазанатын мінісіп,
Қомпаң-қомпаң желісіп,
Жағасыз көйлек киісіп,
Көк шай салып су ішіп,
Перен мылтық арттырып,
Мыстан кернейін тарттырып,
Соғыспақ боп патшамен
Қапалдан тосып бір шықты.
Қарсы атылған зеңбірек,
Қолдан туын құлатып,
Қорғандарын қиратып.
Қайта қашып бүрлікті,
Жай қашпады Құдияр
Жолындағы ел тұншықты.
Жабық тіліп, үйді өртеп,
Айғыр атты жетектеп,
Қатын-бала шырылдап,
Хан жолынан су шықты.
Бірнеше күн өткенде;
Қолпаков пен Черняев¹,
Жетісуға жеткенде.
Құдияр хан қағынды,
Тағы қанды сағынды,

¹Қолпаков пен Черняев — XIX ғасырдағы Россия патшалығының Қазақстанды отарлаушы әскери офицерлері.

Алатын орыс қазақсың
 Аламын деді бөріңді!
 Қырғыздан Орман бірігіп,
 Қордайдан асқан көп әскер,
 Теріскейге ағылды.
 Тілеуқабыл – Қасқарау
 Сарыкемерде шабылды.
 Шапқыншының аттары
 Саурынынан аққан тер,
 Пұшпағынан сабылды.
 Бейқам жатқан қалың ел
 Қарсы тұрмай жалынды.
 «Жаудан күту жақсылық –
 Зарыққанның салдары.
 Байдан күту жақсылық,
 Тарыққанның салдары»
 Шын болмаса, не қылды?
 Жалынғанша жауыңа
 Бөйгеге тік жаныңды!

Бөксерде жатқан көп Дулат
 Бүлінді де жарылды.
 Есеңгіреп ер кетті,
 Кемпір, шалды еңіретті.
 Дулаттың батыры Сыпатай
 Жаудан қорқып сенделіп,
 Сарбұлақтың басына,
 Аңырақайдың тасына
 Түнде барып тығылды.
 Батыр батыр бола алмай,
 Елдің түгі жығылды.
 Үш бөлінді көп Дулат:

Бір бөлегі бері өтпей –
Тауда қалды қамалып.
Қалың жаудан жасқанып
Айсаның қырын өрледі.
Бір бөлегі қаймығып,
Жау қарасын көрмеді.
Шапырашты, Қарасай,
Жаудан қорқар ер ме еді?!
Қиратып жау жатқанын
Дулат жақтан білмеді,
Тездеп хабар келмеді.
Бір бөлегі Дулаттың
Маямырдың ауылы –
Іледегі тоғайдың
Түбегіне тығылды.
Қарсы тұрар жігіттер
Жау қолынан қырылды.
Жеті жігіт, жеті қыз
Жас жандарын қорғаштап,
Түйелерге мінгесіп
Ағын суға бұрылды,
Су деген де тілсіз жау,
Бұрқыраған шу асау,
Ат көбігін атқылап
Жын қаққандай жұлынды.
Қызды көріп қырық әскер,
Қылыштарын суырды.
Аналасып ұмтылып,
Иектерін жымырды.
Жауды көріп өңкей жас,
Асау суға ұрынды,
Қарғып түскен жеті нар

Тұңғиыққа жығылды.
Қызғалдақтай он төрт жан,
Қалды судың түбінде.
Озбырлықтан асқынған,
Ел ызасы қайнады,
Кемпір бүйір таянып,
Сұңғыла боп сайрады.
Терме болып тізілді
Қайдағы мен жайдағы.
Ызың-шулы, қым-қуыт
Шығып жатты ойраны.
Қабағын түйген қанды жау
Ұру, шабу, найзалау,
Үйірлеп елді айдады.
Іс шықпасын сезгендей
Құр жылаудан пайдалы.
Дымын қоймай жау шапты,
Жанғараш пен Жантайдың,
Шырылдатты сәбиін,
Еңкілдетті көрісін,
Бой жеткен қыз, келіншек
Қатарымен тарттырып,
Күңіренгенді тау ішін.

Қоқаннан келген көп әскер
Жер қайысып сыймайды.
Мал мен басты шулатып,
Қойша иіріп жинады,
Тас қотанның сазына.
Ақ шатыр мен көк шатыр
Қатарланып тігілді,
Ала тулар желпілдеп,

Ақ семсерлер жарқылдап,
Қомпаң-қомпаң шоқысып
Тебіңгілер сартылдап,
Зерделі шапан бектер де,
Шағылып күнге жалтырап.
Түйеге мінген жас әйел,
Бетін жыртып аңқылдап.
Жасөспірім, сұлу қыз –
Жүрегі ұшып қалшылдап.
Жалаң қағып жасауыл,
Мәз-мейрам боп қарқылдап,
Түйеде тұрған әйелді
Түс жылдам деді алқымдап.
Шабылған елде дәрмен жоқ
Жылай берді солқылдап.
Ел тарықса ежелден
Батыр түсер есіне.
Батыр барған түйінді іс,
Қалғандай еді шешіле.
Жер шұқысты тоналған
Төмен қарап тесіле.
Жаңа өспірім жас батыр,
Елге салған несібе!
Арыстан жүрек Сұраншы
Шыңда жатыр алыста,
Оны шыңға шығарған –
Қонысы жоқ, қол қысқа.
Жаз жайлауы Үшқоңыр,
Қыс көшеді Арысқа,
Шапырашты аз ата.
Ұлы жүзде туысқа.
Өз әкесі Қашке еді,

Арғы атасы Қарасай,
 Бір жақыны Сауырық,
 Жауды көрсе шалады-ай!
 Тұқым қуған батырлық,
 Үзілмей аққан сағадай,
 Ұлы жүздің еліне,
 Ық жағында қорадай,
 Жел жағына панадай!
 Сол сияқты батырға –
 Алыстан қонақ келгенде,
 Қалатын күні көп еді,
 Қонақ асын табалмай.
 Жайшылықта ел көшсе
 Батыр ауылы көліксіз,
 Дулат, Албан, Байұлы –
 Кетер еді қарамай.
 Сондықтан батыр шыңда еді,
 Ақ беренмен құс атып,
 Қыранға марал ұстатып,
 Малы барға жалпақтап,
 Жалынды көрші бола алмай.
 Аңсады ел батырды,
 Жатса-дағы алыста.
 Жақын болса Сұраншы
 Қызбас па еді дабысқа?!
 Көп екен деп келген жау
 Көнбес еді намысқа,
 Мұндай жаудың талайын
 Талай рет жапырған
 Өрт тигендей қамысқа.
 Ұрланып келген бұл жауды
 Білмей қалды қапылыста.

Дағдарған ел бүрлігіп,
Баратын адам іздейді
Алыста жатқан батырға
Хабар бере барысқа.

Кәрібоз бен Мәуке қарт,
Атты терге жүздіріп,
Жол түспеген жотаны,
Қопара шауып із қылып,
Қос атпен шапты батырға.
Күн бата шапқан қос аттар
Түн түгелдей өткенде,
Күн төбеге жеткенде,
Ақсеңгірдің тасына,
Аңырақайдың басына,
Өксіп жылап отырып,
Ат шалдырып дем алды.
Алатаудың шоқтығы –
Көлденең тұрған көз алды,
Екі нардың шоқысы –
Зеңкиіп көзге түскенде,
Батырдың бойын көргендей,
Езу тартып қуанды.
Күн төбедең ауғанда
Құдықтан атын суарды.
Қайта тартып тартпасын,
Өрді беттеп екі қарт
Намазын оқып жол алды.
Отардың¹ жазық даласын
Қопара шауып өрлетті.
Шапқан аттың екпіні

¹ Отар — Алматы қаласы мен Шу өзенінің ортасындағы темір жол беті.

Шалғынды шайқап желдетті.
 Күн тұғырға қонғанда,
 Намаздыгер болғанда,
 Суықтөбе өрімен
 Қарттар шыңға кеп жетті,
 Зеңгір-зеңгір қия тас,
 Бірінің аты Қарабас,
 Бірінің аты Жалаңаш;
 Сұраншының ауылын
 Түні бойы іздепті,
 Қайда екенін білмепті.
 Тау ішінде түн де өтті,
 Нұрланып шалды күн бетті.
 Біріне бірі екі қарт:
 Сонау тұрған қара үңгір
 Қарасайдың қосы деп,
 Күн шағылған сонау қыр,
 Қызыл күнге қиясы
 Мекені ердің осы деп,
 Шошайтысты қолдарын,
 Таптық десті болжалын.
 Тағы шапты қиялап,
 Қызыл күнге бауырын.
 Іздегенін табуға –
 Алдырды қарттар сабырын.
 Бұлақты шалғын жайлаған,
 Белдеуге атын байлаған,
 Қызыл қия қойнынан
 Батырдың тапты ауылын.
 Сұраншыға жетті де
 Жығылды қарттар атынан.
 Ақ сақалы су болды –

Сорғалап аққан жасынан,
Арыстан мүше жас батыр
Көтерді келіп басынан.
Төрге алаша төсетіп,
Орын берді қасынан,
Әлденеден тарығып,
Бейнесін көрді жасыған.
Мейірімді туған Сұраншы –
Елі сүйіп жасынан.
Жетім менен жесірді
Атына артып көшірген,
Ерегескен жауларын
Су құйғандай өшірген.
Тарығып келген қарттарға,
Қайғырып жаны ашыған.
Қабағынан қар жауды,
Кірпігіне мұз қатты,
Кім еді деп басынған?!
Беттеріне су сеуіп
Екі қарт есін жиған соң,
Оқиғасын сұрады –
Ес танып өткен басынан.
Көз құрғатып екі қарт,
Арсаланып сүйегі,
Кемсең қағып иегі –
Сұраншы, тыңда, ер! – деді.
Ерді тауып өсірген,
Атасы мен анасы.
Жалпақ жатқан ел деді.
Олай болса, жан ботам,
Арқалықтай сүйенген
Елдің ұлы сен, – деді.

Желеу болған ақ сақал,
Зарлы, мұңлы бұл сапар.
Таудан іздеп батырды,
Жайбарақат келеді.
Заманнан-заман асқынып
Зәрін барад жаюға.
Бөрі түрі айналды,
Айдаһар мен аюға.
Есепсіз көп хан аты
Қу ағаштай түспейтін,
Халық үстіне саясы.
Хандар шауып қандатып,
Қан қақсатып зарлатып,
Елдің басын доп қылып,
Айналдырды ойынға.
Сап түзесіп солдатты,
Сартылдасып арбасы,
Серейіскен зеңбірек,
Бетке ұстаған айбаты,
Патша кірді қойынға.
Тезек төре¹ жол беріп,
Қарғы тақты мойынға...

Қырғызды қанға батырған,
Әркімге бір сатылған,
Орман хан бар қолында;
«Қазақты барып талайық
Патшадан бұрын алайық».
Деген мақсат ойында.

¹ Тезек төре — Нұралыұлы Абылайханов, 1847–1867 жылдары 20 жыл Ұлы жүздің Албан, Суан тайпаларының аға сұлтаны болған. Ол кедей шаруаларға қысым көрсеткен, ХІХ ғасырдағы Россия патшалығының Жетісу жерін отарлау саясатына белсене араласқан.

Арам туған занталақ,
Екі көзі қанталап,
Қасапшының итіндей,
Қоразданып анталап,
Салып жатыр ылаңды
Сарыкемердің бойында.
Қара құрым көп Дулат
Алатау мен Арыстың,
Арасында қонысы.
Көгі түтін, жері шоқ,
Кең жайылым өрісі.
Басына күн туғанда
Көрінді елдің кемісі.

Батыр деген Сыпатай
Қара басын сауғалап
Тауға кіріп жоғалып,
Шықпай кетті дыбысы.
Арқауы ұзын атының,
Келте келді өрісі.
Келеді деп ойламай –
Қағынған ханның перісі.
Бейқам болып ел жатты.
Жаудан күші кем жатты,
Бейқам жатқан сол елді
Абайсызда жау шапты.
Күртіде¹ жатқан көп елді
Түнде басып сорлатты.
Қыз, келіншек қатарлап,
Мінгізіп нарға, атанға
Құсбегі мен бегінің,

¹ Күрті — Алматы қаласының солтүстік-батысындағы жер атауы.

Шатырына жолдатты.
 Жан сауғалап қорынып,
 Қас жауынан торығып,
 Суға түсіп обығып,
 Қатын, бала зар қақты.
 Қарсы тұрған кісіні
 Атты, шапты кескілеп,
 Күрті бойын қандатты.
 Тұлымдыны құл қылып,
 Даланы мұңлы үн қылып,
 Ата-ананы аңыратты.

Қатар жатқан қарындас,
 Бөліп ішкен аяқ ас;
 Ақ қалпақты қырғызым,
 Өзбек деген өз ұлым,
 Халық іші дос-жарлы,
 Дос-жар халық сүймеуші ед
 Қан төгетін дұшпанды;
 Қырғыз, қазақ бірігіп
 Күшін қосып ұстады.
 Жүрегі қара Құдияр¹,
 Орман бұзық тағы бар,
 Достыққа тағы өрт салды.
 Қамап жатқан хан өне,
 Қамалып тұрған жан өне,
 Басшысы жоқ Дулаттың,
 Айла-амал қысқарды,
 Орман атқа мінгенде,
 Елден кісі шауыпты,

¹ Құдияр — XIX ғасырдағы Қоқан хандығының ханы, 1851 ж. Өулиеата, Мерке, Шу, Іле өзендерін мекендейтін Ұлы жүздің Шاپырашты және Дулат тайпасына ірі, жойқын шабуыл жасаған.

Қазаққа хабар беруге.
Жанғараш, Жантай жіберіп
Келіп айтқан Керімге:
Қолы қаптап барад деп,
Елдеріңді шабад деп.
Құдияр мен Орман хан
Ту көтерген өлімге.
Керім оны таратпай
Өзі қапқан көлеңдеп,
Іле бойын жағалап,
Балқаш асып төмендеп,
Үш күн, үш түн үдеріп
Ақтоғайдан шығыпты,
Қарт бурадай шөмендеп.
Тілеуқабыл, Маямыр,
Сарыкемерде шабылды.
Қанмен дала жабылды,
Қанды жастар ағылды.
Ауыр күндер түскенде,
Елің сені сағынды.
Қосарлатып ат мініп,
Атқа біздей қарт мініп,
Аралады тауыңды;
Жауға түскен мал мен жан,
Ағыл-тегіл анау қан,
Қанқор ханның қорлығы
Ес тандырмай не қылды?!
Түлек бүркіт көзіндей
Шатынатты батырды
Дауыл соққан теңіздей
Күш көбігін сапырды.
Алатауды қозғалта –

Қырға шығып ақырды.
Аңдас пенен Нарбота,
Дауқара мен Шымырбай,
Туматайды шақырды.
Жиылыңдар, бозбала!
Әбзелдеп мін атыңды,
Азуы мұқыл хан иттер,
Неден мұнша шатылды?
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды,
Ақ беренге оқ салды,
Ақ тұяққа ер салды.
Е, дегенше үш жүз ер –
Жиналысып кеп қалды.
Абылайша қос алды,
Су құятын мес алды.
Күртіні төмен қыдырып,
Желдігін бұта сындырып,
Қопадан¹ арман өтеді,
Шамалғанға жетеді,
Жау қарасын қарады –
Кемердің толған алабы,
Құмырсақдай қыбырлап,
Жерге сыймай барады.
Нарбота мен Андасы
Уайымдап жылады:
Сұраншы батыр тістеніп,
Көбін елең қылмады.
Батырға Андас сөйледі,
Жасық кеңес бергелі,
– Құмырсақдай мынау қол

¹ Қопа — жазық жер атауы, Отар мен Шамалған темір жол бекетінің ортасында тұр.

Топырақ шашсаң жетер ме?
Ақ береннен оқ атсаң,
Мыңыңа бірден өтер ме?
Үш жүз кісі ат қойсақ,
Жиырма мыңдай нөкерге,
Инемен құдық қазғандай,
Оған әсер етер ме?
Көбелектей отқа ұрынып
Өртенеміз бекерге.
Әлі де ойлан, батырым,
Осы сөзім бекер ме?
Жетпес біздің күшіміз,
Өтпес біздің тісіміз,
Оңға шықпас ісіміз,
Теңізге теңес бір тамшы,
Бейне таудың бір тасы
Үш-ақ жүздей кісіміз...

Қабағы түсті батырдың,
Қара бұлт секілді,
Төне түсіп Андасқа:
— Тіліңді тарт! – деп жекірді.
Найзадай шашы тік тұрып,
Көтерген шаңырақ уықтай,
Тақиясын көтерді.
Ашуы қысып Сұраншы,
Ақ семсерін суырды.
Қит етсе кесіп тастауға,
Андас жаққа бұрылды.
Енжар болған қорқақтың
Ұнжырғасы жығылды.
Қойнына басы тығылды,

Жігіттерге сөйледі:
Ел жақтамас көп жаудың,
Көптігінің себі жоқ;
Оның аты – боркемік,
Талмасқа шыдар белі жоқ.
Озып шабар жүйрікке,
Ылдиы мен өрі жоқ.
Батыр туған жігітке,
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Уайым жауға алғызар –
Тұңғиық болып, түбі жоқ.
Осы қолдың несі көп,
Қурап тұрған шірік шөп.
Суырып қылыш ат қойсаң,
Қарсы тұрар бірі жоқ.

Қорықпа да, қашпа да,
Текке ұшпасын үрейің,
Қарада тұр топтанып
Жалғыз өзім кірейін.
Мың жау маған бірге есеп,
Мың қарғаға бір кесек,
Кесек болып көрейін.
Қорғасынды мен сақа
Ұшырамын кенейін.
Жұртым үшін мен құрбан,
Жазасын жаудың берейін!
Жаулар қоян, мен сырттан,
Арасына енейін.
Еңкілдеген шал анау,
Шырылдаған бала анау,
Қуыршақ болған бектерге,

Келіншек пен қыз анау.
Көзім тірі тұрғанда –
Қорлыққа қалай көнейін?!
Жауым көп деп жасқансаң,
Сендерді дос демеймін.
Қашар болсаң мен қырам,
Кетпейсің тірі біреуің.
Ел үшін жанды қимасаң,
Ер деп қалай сенейін?!
Сенімсіз болсаң жоқ қылып,
Ақ тұяқты шаптырып,
Жауға қарсы барамын.
Қарсы семсер салысып,
Жағаласып алысып,
Не босатып елді алып,
Не тұтқын боп мен қалып,
Халық үшін мен ылақ
Жау қолында өлейін!
Ақ сүт берген анам – ел,
Үлгі берген атам – ел!
Адалдығым – ісіммен,
Бойдағы қару күшіммен,
Балалық парызымды берейін.

Батыр тұрып толғанды,
Терең-терең ойланды,
Теңізден тұрған желдейін,
Күтірлеп кеткен сеңдейін,
От шашқан биік таудайын,
Айбарланып қозғалды.

Патшаның қашқан солдаты,
Алпыстан асқан бар жасы,

Бастығы Жагор Оралдық,
Сегіз орыс, бір татар,
Бірге келген жолдасы.
Батыр соған сөз салды:
– Бабам менің Қарасай,
Шапқанда елді жау талай
Айырып алған батыры.
«Арыстан болсаң жау үшін,
Түлкідей болсын әдісің», –
Дейтін барды ақылы,
Сіздерден сұрар көмегім,
Бұйрық қылды демегім,
Қанқор патша қажытқан
Сендер де елдің жақыны.
Бектер тіккен шатырға,
Шапқым келді ел жата,
Елу жігіт жіберіп,
Ұзақтағы биіктен
Алатаудан Қараойға
Жеткізе отты жаққызам;
Ала көлеңке түсе, күн бата,
Көп әскер деп ойлансын,
Жагор, досым тоғызың,
Тоғыз жігіт тағы да,
Өз басыңа қосып ал,
Он сегіз болсын жолдасың.

Жау бүйірі Көктөбе,
Соған жетіп еште де,
Күн батқан соң орнасын,
Бұл бүйірден мен тием,
Ақ тұяқты шаптырып,

Үрейін сонда сен ұшыр,
Орысша сырнай тарттырып,
Көнек пенен шелектен,
Барабанды қақтырып,
Анда-санда мылтықты
Құр дәрілеп аттырып;
«Орыс та келіп қалды» деп,
Есі кетіп сұрлансын.

Қуанды Жагор, – құп деді,
Жолдастарым: шық! деді,
Он сегіз жігіт ертіп ап,
Ала бұта паналап,
Сайлы жерді жағалап,
Жау көзіне шалынбай,
Көктөбені беттеді.
Елу жігіт ертіп ап,
От жағуды алыстан,
Андасына жүктеді,
Қалғанына бет бұрып,
Деді батыр жолдасым,
Тас-талқанын шығарып,
Қирату ханның ордасын.
«Күмөнім жоқ, жау қашар»,
Зорлықпен келген көбісі.
Бектер қашса асығып,
Дүние жатса шашылып,
Қызығу оған болмасын,
Елі үшін туған ер болса,
Елін бүгін қорғасын!

Осыны айтып Сұраншы,
Ағын судай тасынып,

Ашулы көзі жалтылдап,
Жайнаған шоқтай шашылып.
Күн де кірді ұяға –
Алатаудан асылып.
Ақ тұяқтың тартпасын,
Қайта тартты ер жөндеп,
Тартпасын елі батырып.
Қыран құстай қомданды,
Ақ семсерді қолға алды.
Қарасай мен Қашкенің
Көрі аруағын шақырып.
Жігіттер құйды саумалын
Тегенеден сапырып.
Намазшамнан өткенде,
Құтпанға уақыт жеткенде,
Ақ беренді сайлады,
Жар қабақта жылтыр тас,
Қарына найза байлады,
Семсерін соған қайрады.
Жібекпен басын бір тартып,
Ат қойды батыр ақырып!

Ақырған даусын есітіп,
Жау айнала қарады,
Есінен әбден танады,
Дәл жанынан күрсілдеп,
Барабан құлақ жарады.
Зеңбірек пе, мылтық па,
Анда, санда күрсілдеп,
Түтін бүркіп алады.
Ұзағырақ қараса –
Есепсіз от жанады.

От мөлшерін есептеп –
«Мына қолда мөлшер жоқ...
Құрығанда жүз мыңдай –
Қосын бар», – деп санады.
Таудан шыққан сарындай,
Дүрілдеген жалындай
Шапқан аттың дүрсілі,
Қопарып жерді барады.
Аяқ асты, жау састы,
Қара албасты шын басты,
Не мінетін аты жоқ,
Іздесе киер киім жоқ,
Қойған жерде құрал жоқ,
Есінен әбден адасты.
Сасқалақтап қосының,
Есігіне таласты.
Есін танған бегіне,
Есік баққан қосыны,
Ажырайып қарасты.
Қандай пәле келді деп,
Бақсылары бал ашты.
Амалсыз жүрген көп қолға,
Түндегі айқай жол ашты.
Қойдай үркіп қол қашты,
Сұраншы батыр ат қойды,
Бөгетін алған өзендей,
Аз ғана сарбаз лап қойды.
Хан, манаптың шатырын
Қаусатамын деп қойды.
Бейне бір қатты жел тұрып,
Қурап тұрған қусаққа –
Жалындатып от қойды.

Нажағайдай шартылдап,
Бұлт отындай жарқылдап,
Бұрқылдаған берендей,
Түтінге қосты түтінді.

Астына мінген Ақтұяқ
Тоздырып тозаң бұрқырап,
Атқан оқтай жұтынды.
Аш қасқырдай батырдан,
Қай жау қашып құтылды?!
Есебі жоқ қалың жау –
Қоршаласып қалысты,
Ортасына алысты,
Қарсы семсер салысты.
Сілтегенде қылышы –
Оң жағынан он шауып,
Оны бірдей жер қауып,
Сол жағынан сілтесе,
Ондап жауын бір шауып,
Оны бірдей ұндалып,
Ұстарадай шаш алған,
Жауды батыр сыпырды.
Бір қозған соң аруағы,
Теңіздей жау, жан-жағы,
Сұраншыға көп емес,
Үш күн, үш түн ұрысқан
Сол батырдың соғысы,
Рүстемнен кем емес,
Астындағы Аққоян,
Қия тасқа басылып,
Ақ көбігі аузынан,
Екі жаққа шапылып,

Әбден батыр қызған соң,
Омырауы ашылып,
Қоқанға қарай жау қашты,
Қордайдың¹ асуынан өрі қарай.
Әсте батыр тынбады,
Томағасын қайырған,
Ақиықтай шыңдағы.
Ел жақтаған батырдың,
Сағы жаудан сынбады!
Қашқан жаудың артынан,
Аққоян атты бір қара,
Қарасайлап қалмады.
Өлексемен үйілді,
Алатаудың сайлары.
Тозаңдай тозып жыртылды
Ханның ала байрағы.
Қасқырға шауып арыстан
Қанқордың шықты ойраны.
Шабак қуған жайындай,
Бек біткенді жайлады.
Елге келген бүлікті –
Дауылдай тиіп айдады.
Жалынның бетін қайтарып,
Қасқырдан елді айырып,
Көтеріп көңіл жайлады.

Сүймейтін хан мен байларды,
Хан билеген заманның,
Қанын ішкен адамның
Осылай еді жайлары. ■

¹ Қордай — Алматы мен Қырғызстан астанасы Бішкектің арасындағы үлкен асу.

Қарт жырау таңға жақын тағы да оянып алып, киіз үйдің жабық түңдігіне тесіле қарап жатты да қойды. Тамыздың соңғы күндері жер дымқыл тартып, күн суытқан. Ел-жұрт таудан жазыққа, қыстауға қарай ақырын жылжып көшуге бет қойған. Жырау сырма шапанын жамылып, жеңіл шәркейін жолай аяғына іле далаға шықты. Далада қоңыр салқын жел бар екен. Басына киім кимей шыққанын тақыр басы тоңғанда барып аңғарды. Артына бұрылған жоқ. Мойнына салған жұқа байламаны басына орап, адымдай басып қыр бетіне ілгерілей берді.

Соңғы кездері жыраудың жан дүниесі от басынан алысқа, оңашаға ойыса беретін болған. Жаны жалғыздықты қалаған. Сол жалғыздық құшағына іліккен сайын Мойынқұмның көшіп-қонып, есіліп жылжитын сары жұмсақ құмындай, көңілін күпті ой тербейтін.

Осы қазақтың тауы мен даласын, таусылмайтын, шегі де, шеті де жоқ тастақ тақыры мен құмдауытын,

шөлі мен шөлейтін талмай кезгенде дәл соңғы кездердегідей шерменде ойлар қарттың жүрегін шым-шымдап қыспапты. Сол сәттерде ауа жетпей жүрегі тоқтап қалардай алқынып, дәл қазір о дүниеге аттанып кеткенді тәуір көреді. Тек жан шіркінді қиып кету қиын екен.

Қарт жыраудың көңілін жайлаған өксік бар еді.

Там-тұмдап таусылып бара жатқан қайрат-күш бар еді.

Ендігі күні қанша қусаң жеткізбейтін арман бар еді.

Есте сақталмай ұмыт болған, бірақ кезінде көңілді гу-гулеткен қызба өлең, қуатты өлең шіркіндер қарт жырауды далада адыра қалдырған. Әлде албырт жастық қызық қуған, қыз қуған, той мен айтыстан талмай, Алатаудың қайран шалқар жайлауларында сайран салған кездерінде бармақ тістер өттеген айларға ұрынатынын қайдан білсін?!. Білмеді ғой...

Қайран жастық шақ! Ол кез өтпейтіндей, мәңгі сенімен бірге болатындай көрінуші еді-ау!..

Сол қимас жастықпен бірге, алабұртқан, от боп лаулап жанған жырлары да келмеске кетіпті. Сол шіркіндердің ешқайсы да есте қалмапты. Іштен шығатын жырдың шоқтығын танитын шал, сол ұмыт болған, естен де, санадан да алыстаған жыр шіркіндердің ішінде жүйрігі де, биігі де болғанын біледі. Кейде соларды еске түсіруге тырысып бағады, бірақ ол жырлар естен жоғалып кеткенге ұқсайды. Еске де, көңілге де оралмай жүрек талдырады, сананы тізгіндейді. Қыстың ұзақ түндерінде, төбеге қадала қарап құр жатады-ау... Іштен бүлкілдеп, артынша безілдеп бұрқ-сарқ қайнап алып жанартаудай атқылайтын жыр-шіркін, жырау жүрегін қоздырмайтын болған. Алып айтыстың үстінде, не таңға жақын, жүректі шымырлатқан жыр лебі көмейді қан қызыл қылып қыздырған тұста оң

қабағы тартып, ерні дірілдеп қоя беретін. Ал кейде ерні дірілдейтін, бірақ жыр шіркін төгілмейтін.

Ендігі шау тартқан көңілді жыр күмбірлетпейді. Жыраудың ұққаны, Тәңірдің өзі ауызға салатын жыр жолдарының құдыретті күшке ие болып, көк аспанның астында, жап-жасыл көгалды даланың төсінде, саңқылдай сарнайтын кезі де көпке созылмайды екен. Өлең шіркін елу мен алпыстың арасында шоқалақтап, қамсыз, еркін шабытты қуатынан айырыла бастайтынын анық таныды. Қан салқын, ой шабан, сонан шабыт оты қайданда лаулап жансын?! . Қайран қамсыз, күндер, айлар, жылдар... бәрі де мынау ұлан ғайыр Дешті-Қыпшақ даласында жоғалып тынды ғой. Дешті-Қыпшақ даласы мен алып Алатау қарт жыраудың ертедегі жырларын біртіндеп санасынан өшіре бастаған. Далада айтылған жырларын жел жұлмалап қалың сахараның ішіне алып кеткен. Бү дүниеде сөзім ғасырларға жетсін десең, қағазға түсіру керек екен.

Қайран қамсыз қазақ, домбыра тартып, жыр төгіп жүргенде, сол жырларын мына орыстар құсап қағаз бетіне түсіре бермепті. Бәрін есте бекіту дегендері құр далбаса болды. Бәрін еске бекіту мүмкін еместігін енді ғана, бір аяғымен көрді жағалаған тұста ғана аңғарды. Ұлан-ғайыр қазақ даласында не бір әулиелердің, не бір тура билердің, не бір жыршылардың сөздері адам жадынан жоғалып, келмеске кетті ғой. Қандай өкініш десейші?!. Қандай қасырет десейші?!

Қарап тұрса, бұ қазақтың бойында қасыреттен басқа түк жоқ екен. Дәл бүгін қарт жырау соны анық таныды. Оны да шау тартқан, дауысын тат басқан, қарлығыңқы үн жабысқан, аралас-құралас орта шашыла бастаған кезде аңғарыпты.

Қазақ даласы да дәл қазір, бұрынғы сабыр-

лы, салтанатты, рухты кезінен әбден айырылған. Қазақ даласында түшкірсең де жазалы боласың, түшкіруді оқалы шекпен жамылған, сары сақалды орыспен шешуге тура келген. Бұ даланы билейтін халық емес, ақ патшаның шенеунігі болғаны жанын жейтін. Бұл атаусыз дерт еді. Қарт жыраудың ендігі жанын зынданға тықтырған жан жылатар қайғысы қазақтың еркіндігіне тұсау салынған тұсын көру. Пірі болған Сүйінбайдың өмірден озып, осы қорлықты көрмей кеткенін көңіліне медеу тұтады. Дешті-Қыпшақ даласының бар қасыреті осы қағылез, қимылы ширақ, сөзі мерген қарттың ғана жүрегін тас-талқан қылып күйретіп жатқандай болатын.

Зерделей қарап тұрса, бұ қазақ заманды ойымен билеген жақсыларының сөзіне құлақ аспапты. Халықтың пайдасын ойлаудан таймаған азғана шоғыр жақсылардың ойларын да түсінбепті. Қазақ бұ тірлікте ұшқыр аттай дала төріне зулап-ақ шыққанымен, тез алқынып, тез шаршап, сол шаршауға тез көндігіп өз күлтөкпесінде қала беріпті. Оны өзіне ар да санамапты...Қазақтың қарғысы қатты. Соның бірі: «Өзің білме, білгеннің тілін алма». Сөзге ұста, іске шолақ қазақтың сөзі мен ісі біте қайнаспай жатыр-ау!..

— Ата, шайға жүріңіз, — деген кенже немеренің дауысын естіді.

Алатаудың қарлы сілемінен көтеріліп келе жатқан таңның алғашқы шапағы көк шөпке түсіп, дүние жарық сәулегетолды. Ал жыраудың жүрегін жайлаған мұң тарқамады. Оның күпті жүрек болып күн кешкеніне талай жылдар өткен. Қарт жыраудың дәл басып танығаны *кісенге түскен Дешті-Қыпшақ даласы, дербестігін жоғалтқан қазақ елі, аузы құлыптаулы халық, тума жырынан айырылған жырау* — шын бақытсыздар осы төртеуі болатын.

Қарт жыраудың жүрегі шаншыды, сонымен бір-

ге күпті көңілдің тот басқан қоңырауының күмбірі естілді.

Оң қабағы тартты.

Ерні дірілдеді.

Көзі жайнап салды. Шақырайып атқан күнге, қарсы қарап тұрып жүрегін қысқан бір шумақ өлеңді салқын, сабырлы көңілмен екі рет дауыстап айтып шықты.

Дуадақ болдым шөлі жоқ.

Аққу болдым көлі жоқ.

Дауылпаз болдым үні жоқ.

Асыл болдым құны жоқ.

Бір шумақ жырмен, қазақтың үш жүз жылдық бодандығы мен құлықсыз қасыретті күйін айтып тастағанына өзі де таңырқай қарап қалып еді..

Орнынан тұра беріп, ұйыған тізесін сипалаған күйі:

— Құдыреті күшті Тәңірім! Адасып келген мына бір шумақ жыр да ғасырлар қойнауында жоғалып тынар. Біздің жырымыз қағаз бетіне түспей, сонан да сақталмай, өміріміз де құмға сигендей татымсыз болды-ау, — деп қинала ойлады.

Немересі атасының сап-салқын саусақтарынан ұстады. Атасының алақаны тершіген, ал саусақтары болса, жыбыр-жыбыр етеді. Жаңағы тосыннан туған төрт жол өлеңнен соң ерні әлі де дірілдеуін қоймаған. Бірақ жыр-шіркін қайтып тумады. Төрт жол өлең төрт таған болып қалды. Төрт таған ой — төрт қасырет еді. Қазақты көтінен кейін тартатын қасыреттер болатын.

— Жүр, ата, жүр. Әжем тосып қалды, — деді немересі.

— Әжеңнің тосқанын қойшы. Тәңірді тостырып

қойып жүрмейік?!. Біздің жүрегіміздің жылуын Тәңір тосып қалып жүрмесін.

— Тәңір деген кім, ата?..

Қарт жырау немересіне жалт етіп қарағанымен үндеген жоқ.

Тәңірдің кім екенін осы таңда, алпыс сегіз жасқа келген жыраудың өзі де білмеуші еді.

Түрін көрмегенімен, әміріне көнген, қасиетті Тәңірді кәрі жырау әлі танып болмаған.

Сонан да тұңғыш рет немеренің сұрағы Дешті-Қыпшақ даласында жауапсыз қалған.

1915 ЖЫЛ. ЖАЗ. ТАЛТУС.

Романовтар әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына орай орыс империясының түкпір-түкпірінде той жүріп жатты. Сондай тойдың бірі Алматыдағы қазіргі 28 панфиловшылар саябағында өтті. Жетісудың бай манаптары, әкімдері, орыс шонжарлары бас қосты. Ақ патшаны мақтауға сол саябаққа Дешті-Қыпшақ даласынан қазақтың ақындарын жинады. Қарт жырауды да сол тойға қоса әкелген. Келмеуіне болмады. «Күштінің көті диірмен тартады», деген қарт.

Сол тойда қарт жырау қазақтың танымал бай шонжарларының орыстың алдында құрдай жорғалағанын көріп есінен танды. Намысы ойнады. «Бұ қазақтың рухы майырылып, намысы өлген тұсы осы болар, — деп азынады. — Азына, дала, азына!..»

Есті мемлекеті болмаған, ойлы басшысы болмаған ел — ессіз ел. Ол жел айдаған қаңбақпен тең. Өз ырқынан айрылған халықта қаңбақ құрлы қауқар жоқ. Өз ырқынан айырылу өліммен тең. Оның бүгіні де, ертеңі де жоқ. Тобыр ел болмайды. Ел деп саналмайды. Ел қатарына жатпайды.

*Үйсін, найман саңлағы
Өстепкеде¹ жиналдың
Елде жүрген егейлер
Қалада құр үйлдің,
Ұлық көрсең ұйлығып
Желді күнгі қамыстай
Жапырылып иілдің,
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім...*

Жыраудың қазақ байлары мен орыс ұлықтарының бірге кездесіп, бірге жүргенін бұл тұңғыш көруі еді. Сонан да қазақтың байларының майысқақ мінездерін көріп жаны түршіккен. Қазақтың бұ құлдықтан енді қайтып құтылмайтынын қарт жырау ұққан. Сонан да көңілі шерге толған.

«Жәрмеңкеден соң қалада қал, ақындармен бірге болып дем ал», деген байкештердің қолқа сөздеріне қарт жырау құлақ та аспады. Жаны оңаша қалуды қалаған.

Сәуір айы жылы болған соң-ақ өзінің қоңырша киіз үйін тіктірді. Сол үйде ертелі-кеш домбырасын даңғырлатып жатты да қойды. Ойға алғаны, жанға дауа бермегені көкіректі күмбірлеткен өлең-құсты болашақ өмірге қалай сақтау керек деген тынымсыз ой еді. Есінде әлі жүрген тарихи эпостарды, қиссаларды, дастандарды, аңыздарды қалай ел есінде мәңгіге қалдыру керек?.. Киіз үйде отырып алып бір жаз бойы жырла десе жырлар, ал бұның сол жырларын қағаз бетіне түсіріп жазып алар кісі қайда? Ондай озық туған қазақ Дешті-Қыпшақ даласында бар ма?

Әуелі оны ойлайтын қазақ ортасы бар ма? Бар болса қайда?! Бар болса оны қалай таппақ керек?! Сол даладағы алып жыраулардың ешқайсысының сөзі

¹ Өстепке — выставка.

қағаз бетіне түспепті. Қазақ жыры айтылған жерінде қалып қойып отырыпты. Қазақ жыры қаншама қиындықпен өмірге келсе, соншама жеңілдікпен өле де беріпті. Дешті-Қыпшақ даласындағы қазақ жырының ғұмыры жасындай жалт еткен келте ғұмыр болыпты.

Қазақ жыры бай екен. Батыр екен. Сол дүлей жырлар туудан да қорықпапты. Өлуден де қорықпапты.

Дала жыры дала халқының есінде ғана сақталып келіпті. Атасы баласына, баласы немересіне аманат қылып жыр сыйды өткізе беріпті. Жүз мыңдаған жыр жолдары халықтың есінде қалай жатталып жүре бергеніне таң қаласыз.

«Манастай» алып жыр да қырғыз манасшыларының жадында жатталған. Қазақтың «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты батырлар жырын да қазақтар ғасырлар бойы естерінде сақтап келген. Бұл неткен есі де, санасы да сергек халық. Бұл эпос жырларды жыршы он шақты күн қоңыр кештен ала таңға дейін талмай жырлайтын болған. Ол кездері жаздың бір тұтам түнінде жан адам ұйықтамаушы еді. Қазір жыр жырлайтын отырыстар сиреген.

Қарт жыраудың пайымдауынша, ата-бабалары ғұмыр кешкен, сауық-сайран салған далалық өркениет пен мынау бүгінгі заман ұстанған өркениет екі бөлек дүние. Құрығы ұзын сары сақалдар қазақтың аяғын кісендеп болған. Қазақтың бүгінгі тірлігі қақпанға түскен қасқырдың халінен де жаман ба?— деп ойлады. Жүрегі суынды. Жаны түршікті.

Қарт жыраудың тағы бір тамырын басып танығаны, ауызша айтатын өлеңмен жазба өлеңнің айырмасы ат шаптырым жатқандығы. Біздің жырымыз бір бөлек әлем, жазба өлең бір бөлек әлем. Нақыш бөлек, ой иірімдерін беру бөлек, ойды алға тарту да бөлек.

Сөз саптауы да ерекше Сол ерекше ақынның бірі Сарыарқаның аға сұлтаны Құнанбайдың

ұлы Ибраһим мырзаның өлеңдерін желпілдеген жыраулық леппен лекілдеп жүріп, санаға жеткізе алмапты.

Не жазуды? Неге жазуды? Не үшін жазуды сол Ибраһим — Абай мырзадан үйрену керегін қарт жырау өбден ұққан. Өйтседе кейіндеу ұққан. Ибраһимның ойы көңілден ажырамай жүрегін толқыта берген соң барып, ақын өлеңдерін де, өзін де ерекше жақын тартқан.

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.*

*Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда.*

*Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.*

Өлеңді қалай-қалай өрбітеді, саңлақ сабазың, а!..
Нағыз өлең осы ғой!..

Жалын мен оттан жаралған өлеңді ұғатын қайсың бар? Сөз бөлек. Сана бөлек. Халқына деген ниеті бөлек.

«Партия жиып, пара алған, көңілі кедей байсыңдар» дейді. Бұндай сөзді қазақтың қай ақыны айта алған. Шоқтығы биік шерменде ой ғой бұл.

Ал Дешті-Қыпшақ даласы өзінің кең тынысты тіршілігінен айырылған. Қазақ түңлігінен айсыз қараңғы түндерде мұң сорғалап тұратынды шығарған.

1916 ЖЫЛ. ЖАЗ. КЕШ.

Түркі дүниесі талқандалғаннан соң-ақ қазақтың басынан бақ тайған. Дала рухы майырылған. Орыс патшасы қазақтан солдат аламыз деп даланы дүрліктірген. Хандығы құлаған, мемлекеті жоқ елдің көрген күні құрысын.

Орыс патшасы қазақты өз даласында қой құрлы көрмей қудалаған. Қарт жыраудың күйінген сөздері көкіректі тулатқан. Бостандық үшін күреске шыққан халқына сөзбен дем беруге тырысқан.

Орыс офицерлері Дешті-Қыпшақ даласының атын да, затын да жою үшін Ресей мен қазақ даласын Еуразия атауға құлшынған.

*«Үгіт айт, патшаны мақта!» дейді
Болып жатқан соғысты жақта дейді
Жыр айтсаң, Құдай менен Пайғамбарды айт,
Онан басқа жырыңды айтпа» дейді.*

.....
*Қарт жырау жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан түсті.
Жабырқаған халықтың көңілі өсті.*

Патша билігі құламаса бұ күні қазақ халқы тілінен де, дінінен де, даласынан да айырылып тұл жетім қалып, бүтіндей бөтен жұрт болатыны сөзсіз еді. Бәлкім жұрт болуға да шамасы келмеуі. Бірін-бірі көре алмайтын, қызғаншақтық, даңққұмарлық, намыссыздық секілді адамның адамдық қалпын бұзатын айықпас дертке ұшыраған халықта болашақ болуы мүмкін емес. Ал бұндай елге ессіз, сатқын басшы кезіксе, ол халықтың күйрегені. Аты да, заты да өшкені.

Дешті-Қыпшақ даласы мен Сібірде тұратын халықтарды тілінен, ділінен айыруды патша үкіметі

бастап кеткен. Сібірдің түркі тілдес халқын арақпен азғындауды үдете жүргізіп жатқан. Орыс империясы қазақтың хандығын талқандаған, халқын бодандап болған, енді тілі мен дінін алуға көше бастаған. Орыс империясындағы халықтар орыс тілінде сөйлеуі керек. Олардың діні де бір болуы керек деген қағида орнаған. Орыс шенеуніктері осы ойды асықпай іске асыруға кірісіп те кеткен. Қазақ даласында бекіністер, абақтылар тұрғызыған. Орыстың не ойы барын қарт жырау сезген, сонан да ол орыс патшасының билігін жанымен жек көрген.

1927 жыл. Жаз. Талтүс.

Көкбазардың адамы аз оңашалау бұрышында домбыра құшақтаған қарт жырау тұнжырап, ой үстінде отыр. Тіршіліктен қажыған, шаршап-шалдыққан ақ шашты, ақ сақалды ат жақты шал ара-арасында қалғып-қалғып кетеді. Сондай кезде шалдың басы сылқ етіп кеудесіне түскенде: «О,Тәңір!..» деп қарт сасқалақтап барып басын қайта тіктеп алады.

Осыдан бір күн бұрын таңмен таласа тұрып, жирен атты ерттеп мініп Алматыға жүріп кеткен. Көп жылдар бойы жабыққан, жалғыздыққа, қарттыққа мойынсұнған бір кездегі асау жырау көңілі тіршілік тауқыметінің қамытына біржола үйреншікті болған. Шаруаға ыңғайы жоқ жыраудың домбыра шертіп, жыр айтқаннан басқаға икемі де, құлқы да жоқ еді.

Қанды сорған Қоқан хандығын орыс патшасы тұншықтырды; ендігі жерде қазақтың билігі орыс шенеуніктеріне ауысты, ендігі сүлік сол орыстар болды, қазақты солар аяусыз сора берді. Момын қазақ бәріне көнді. Жат десе жатты, түр десе түрды.

Бар білгені сол болды. Кеудесіне намыс қонған ер қазақтарды иә атты, иә асты, иә Сібірдің зынданында ұстады. Сонан кейін патша құлап қызылдар кел-

ді. Оларың Алла мен Адалдықты адам ұғымынан алып тастады. Алласыз, Адалдықсыз қалай тіршілік етуге болады деп, қарт жырау жиі ойлайды. Ақтардың ойын ұққанмен, қызылдардың ойын ұғу қиын болды. Қызылдардың ойыны қатты екен. Сөзін ұқпағанды атып, асып тастау, тар қапасқа қамау түкке тұрмайтын болды. Қазақ даласы түрмеге толып кетті. Оған кірген адам бар, шыққан адам жоқ болды. Қоқан мен Ақ патшаның кезінде домбыра шертіп, ән салатын айтулы қазақ-қырғыз айтыстары дәуірлеп тұрушы еді, енді бәрі өзгерді. Адам да өзгерді. Заман да өзгерді. Өзгермеген мынау жирен аты, қайыңнан ойылған домбырасы, сонсоң өзі.

Жабайдың ұлы Жамбыл жырау еді.

Бұның бір кезде қырғыз бен қазақты аузына қаратып айтқан жырлары, атақты айтыстары ендігі ұмыт болған. Соның көбін өзі де ұмытқан. Есіне түсіру үшін арпалыста егесу керек. Домбырамен. Өзінің есақылымен.

Үкілі домбырадан үкі түскен. Дауысының бояуы қашқан. Өңі кетіп, бетін әжім басқан. Бастан бақ тайған кез еді.

Домбырасын құшақтаған қартқа сабырлы жүзді, денесі мол пішілген жас қазақ сәлем берді. Іші-бауырына кіріп сөз сөйледі. Ата тегінен өзіне дейін бәрін сұрап жатыр. Біліп жатыр.

Қарт Жамбыл бұл жігіттің өзін білмейтінін ұқты.

— Әй, қу бала, не ғып толғай бересің — деп, мырс етті.

— Білгім келгені ғой, ақсақал, білгім келгені. Жағдайыңыз келіспей тұр-ау, — деп қиналғаным да рас.

— Маған жаның ашыса бір тостаған қымыз әкеп берші, көне?!

— Көзір бәрін реттейміз, ақсақал. Қасына ерген

жастау жігітті көк базардың қымыз сататын тұсына жұмсап жіберді.

Қарт басындағы бөркін алып, қол орамалымен маңдайының терін сүртті. Таңдайы кеуіп жұтына алмады. Кемпіріне қалаға барамын деп айтуды да ұмытып, астынан су шыққандай болып, таң атар-атпастан жол жүріп кеткен. Соңғы кездері қарт жырау жиі-жиі атын ерттеп жүріп кететін болған. Аты тоқтаған жерге түсетін. Жынды адамдай айналшықтап жүріп алушы еді. Аты бір бөлек, өзі бір бөлек қалатын. Сүйінбай жырау да қартайғанда жалғыз кететін. Жидебайда жан тапсырған Ибраһим-Абай мырза да жалғыздықты көп жазған.

Ибраһим мырза халқына арнап не бір кәусәр сөздер айтты, оны халқы ұқпады, жер ем деді, ембеді, оқу оқы деді оқымады, Алланы сүй деді, сүймеді, Адамға махаббатпен қара деді, қарамады. Адамзатқа бауырым деп қара деді, ол ишаратын қазақ мүлдем ұқпады. Надан қазақ Ибраһимның өзін де, сөзін де керек қылмады. Бұндай елден Ибраһим да іргесін аулақ салып, бөлек жатып алды. Аяулы ұлдары өлді. Жалған дүниеде жалғыз қалды. Мұң мен шерге көмілді. Қайғы қамытын киіп, қападан жан тапсырды ғой жарықтық. Бұл өзі барлық ойлы адамның басына бітер қасырет болса керек. Орыс ортасында оқыған оқымысты баласы осы Алматыда қайтыс болды.

Жас жігіт бір тегене қымызды көтеріп жетіп-ақ келді.

— Қазір нан мен палау да келеді, — деп қуана жымып тұр. Қымызды сапырып-сапырып жіберіп бір тостағанын қарттың қолына ұстатты. Қаталап отырған қарт жырау қоңыр тостағанды төңкеріп тастағанда маңдайынан бұрқ етіп тер шықты.

— Ақсақал, тағы біреуін тартып жіберіңіз.

— Құйма, қымызды сапырып отырып сөйле. Маңдайдан жылымшы тер шықты. Жәйләндім. Сен қайдан жүрген «қыдырсың», жігітім? — деп қарт жырау жігіт ағасы болған сабырлы қазаққа енді түстей қарады. Сүйегің кім? Соны айта отыр.

— Жол сіздікі. Жөн де сіздікі.

— Мақұл. Мен Алатаудың қартайған Жамбыл деген жырауымын. Сүйегім Екей. Шапырашты боламыз.

— Сіздің кім екеніңізді бағана бір ақсақал айтты. Сонан соң сізге әдейі сәлем беріп, сый-құрмет көрсеткім келгені ғой. Мен туған елден қуылып, босып жүрген қазақтың. Өлең-жырға әуеспін. Руым Тобықты. Есімім Хафиз.

— О, Тәңірі-ай! Ибраһим мырзаның туысымын де.

— Абай бабама да, сізге де туыспын. Қалқаман Мамырдың туыстарынан боламын.

— Ой, дөкей жігіттің өзі болдың ғой. Нағашылап келіп жатырмын де?..

— Жоқ, ақсақал. Тобықтыны босытып, Шыңғыстаудан қудалап жатыр. Жидебайдан сөн кетті. Абай атам елдің киесі де, рухы да болды ғой. Сол асыл адам ортадан кеткен соң-ақ құл-белсенділер басынды. Тексіздер көтерілген заман келді ғой, ақсақал.

Қарт жырау үндеген жоқ. Жас бала жігіттің ыстық нан мен майлы палау әкелгенін де байқамады. Сонда замана желі қалай-қалай соғып тұр? —деп ойлады қарт жырау. Қазақ мемлекетін құрды, бұған иесіз қалып келген халық қуанды. Бас бірігер сәт туғандай көрінді.

Сол береке-бірлікті қазақ аңсағалы қашан?! Ал мына оқыған жігіт қудалауда жүр. Қазақтың рухы болған Жидебайды құл-талқан қылып күйретті дейді. Шаңырағын ортасына түсірді дейді. Бұл Ибраһим-Абайдың құлағаны емес, қазақтың құлағаны ғой.

Бірақ оны ұғар ес қайда? Алауыз қазақтың басы еркіндік алғанда да бірігер түрі жоқ-ау осы?! Бұл ой қарт жыраудың шаршап шалдыққан жүрегінің тас талқанын шығарды.

— Ақсақал жасыңыз нешеде? — деп сұрады Хафиз. Қалың ойға көміліп кеткен қартты сергіткісі келіп еді.

— Жетпістің тоғызына келдім, мен білсем. Қымызыңнан құй.

Ойды ой қуалап басы мөңгірген.

Қарт жырау тағы да біраз үнсіз қалды. Жігіт құйған қымызға да қайтып қол созбады.

— Маған ілесіп ауылға жүр. Нағашы жұртың ғой, бауыр басып кетерсің, — деді қарт жырау.

— Рахмет, ақсақал, нағашыларымды сағаламақ ойда болғаным рас, бірақ мен қуғында жүрмін. Сізге пәлем тиіп кетер. Менің ендігі бет алғаным Бішкек. Көп тобықты сонда кетіп жатыр. Қазақ даласында бізге өзір тыным болмас. Абай бабам туралы айтқан ойларыңыз көңіліме қонды. Жақсыда жаттық жоқ деген сөз қазақ ортасында әлі де тірі екен. Соны місе тұттым. Алабұртқан көңілді тоқтаттым.

— Ибраһим мырза үшін де, текті ортадан шыққандарың үшін де қудалап жатыр ғой. Құлдар құрған үкіметке тектілердің не керегі болсын?! Қанша жұлқынса да құлдан адам шықпайды. Қарғаны қалай бүркіт жасамақ, Құдай-ау!.. Бұл адасу бара-бара азғындыққа айналуы бек мүмкін.

*Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашанда жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға.*

Дешті-Қыпшақ даласы тірі болсын десек, жыры,

әні, салт-дәстүрі тірі болуы керек. Қазақтың жыры тірі болса, жаны да тірі болады. — Қарт жырау қымыздан жұтып, сәл бөгеле берді де лезде сөзін қайта жалғастырды.

— Жортқанда жолың болсын, жақсы ауылдың баласы. Қайда жүрсең де аман бол. Әумин! Сәл бөгеліп барып: — Сен мына өлеңді бұрын-соңды естіп пе едің?

*Сәлем айт, барсаң Абайға
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін!
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды Тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырма,
Арқасын тоссын жасымай!*

Қарт жырау да, тобықты Хафиз де үнсіз. Көздерін көтермеген күйі ой әлеміне еніп кеткен болса керек.

— Керемет жыр! Келісті жыр! Реквием! Бұл сіздің Абай атамның ұлы Әбдірахман өлгенде көңіл айтқан өлеңіңіз, — деп сүйсінді Хафиз.

— Бұл сөзімді Абай естіген екен ғой, — деп қарт жырау ойланып отырып қалды. Әжімге толы бет-жүзі лезде қарасұр тартыпты. — Әй, асыл сабазым-ай! Сөзім жеткен екен ғой. Жүректен құйылған жырға көңілі тыншыды ма екен?.. Көпке бармай өзі де о дүниеге аттанып кетті ғой...

— Қырық күннен соң...

— Жапанға біткен бәйтерек еді ғой жарықтық!..

Ибраһим-Абайдың өлгенін естігенде бір күн бойы

бүк түсіп жатып, іші-бауыры езілгендей күй кешкенін есіне алды.

Қазір де көз алды жыбырлап тұр еді. Ерні де дірілдеуін қоймаған.

Қаладан шығып ауылды бетке алған тұста атын бір шоқытып алып, жүрдек аттың жайлы аяңында шалқайып отырып ойға берілді. О, Тәңірі! Өз елінде босқын болып күн кешкен текті атаның балалары туралы шындық жанын жеген. Базарда көрген сабырлы қазақтың кесек мінезі, ойлы сөзі, үлкенге деген мейірімі көңілін босатқан. Тектіні текті ғана таныр. Тексіз — адам тани алмас. Олардың өздерін тануға да, халқын көтеруге де шамалары жетпейді. Дұрысы ол туралы ойланбайды. Ондай ой олардың санасына дарымайды. Көңілдерін тербетпейді. Топас жаратылған пенде топас болып күн кешеді.

Ақ патшаның боданында өткен үш ғасырда, қазақ бойындағы көп қадырлы қасиетін жоғалтқан. Қазақ өзгерген. Орыстанған ұлт өзінің Тәңір берген болмысынан ажырай береді екен. Орыстану адамдық келбеттен айырылу, ұлттық тәрбиеден ая үзу, адам ретінде, халық ретінде жоғалу. Өзге ұлтқа боданға түскен қай халықтың да көретіні ұлт ретінде жоғалу, ұлттық қасиеттен айырылу.

Қарт жырау ат басын бос жіберген екен, жирен ат көлденең аққан өзен бойына келіп тоқтап тұрып қалды.

Қып-қызыл арайлы күн орнына қонуға көкжиекке төніп келіпті. Тау арасының салқын ауасы жеңіл көйлектен өтіп барады. Қоржынынан жеңіл матадан тігілген жеңіл өзбек шапанын алып киді. Сонда барып аңғарды, жирен аты қарт жырауды Сүйінбай ұстазының моласының басынан бірақ шығарыпты. Тау ішіне қалай ендеп кіріп кеткені-

не жырау таңырқап барып аттан түсті де, қыратқа қарай жаяу тартты. Жирен аты ауыздықпен су ішті. Пысқырынды. Алысқа ұзап кеткен иесінің соңына ерді.

Қырат иегіндегі Сүйінбайдың бейітінің қасына келіп тізерлеп отырды. Құран оқыды. Табақтай қыпқызыл күн көкжиектен төмен құлдырап бара жатыр еді. Орнынан тұрып, асықпай тізесін уқалады, күннің соңғы шапағы астында құрғақ тал жинады. Құрғақ шөпті қоса жұлды.

Шақпақ таспен от тұтатты. Әуелі шөптің бықсыған иісі шықты, артынша қалың түтін будақтады, сол түтін көзден жас ағызды. Жирен аттың ертоқымын алып, жүгенін сыпырды да сауырынан қағып-қағып жіберді. Өзі енді ғана көтерілген оттың қасына жайғаған ертоқымға басын қойып, көк шөпке шалқасынан жатты. Қыр арқасы, белі үзіліп түсердей болып қақсап берген.

Қара көк аспанда жұлдыз енді ғана қонақтаған кез еді. Жақын жерде ауыл барын білсе де, ешқайда барғысы келмеді. Жаны жалғыздықты қалаған. Сол жалғыздықты Тәңірі бұған дәл бүгін қиып беріпті. Тәңірге сол үшін мың алғыс айтты.

Көк базарда көрген тобықты жігіттің көзінен мұң көргенімен, бет әлпетінде ойсырай жеңілген адамның болмысы көрінбеген. Тәуекелге бойсұнған ширақ, мәрт жігіттік кескін келбеті қарт жырауға ұнаған.

Сарыарқадан Алматыны жағалап босып келіп жатқан қазақтарды күнде көреді. Бірсыпырасына дастарханынан дәм таттырып, тау арасымен Бішкекке асар тұсты көрсетіп те жіберген. Аштықтан өзектері талған қазақтар Алатаудың биік шатқалдарынан асып өтіп, Бішкекке жете алама екен деп, қарт жиі ойлайтын.

Алдындағы малын тартып алған соң-ақ, аш-жалаңаш қалған қазақ аштықтан қынадай қырылып жатқан. Қазақтың тең жарымы осы аштықтан қалмас дейтін қарт жырау. Кейін аштық өз орталарына, Алатау сілемдеріне жеткенде пысықай қазақ атқамінерлерін көзімен көріп, қазақтың жауы қазақ екенін түсінді.

Өкіметтің газеті де, радиосы да аштықтан қырылып жатқан қазақтар туралы тіс жармады. Қазақ өлмесе өме қапсын деп үкімет басындағы қызыл комиссар қазақтар да, атқамінер жандайшаптар да, озбыр сатқындар да, қазақ елін тулақтай тартқылап бытшытын шығарған.

Белдеріне тапанша тағынған қазақтың сұмырай жандайшаптары өз ұлтын құртуға барларын салған. Қазақты қазақ осылай құртқан.

Қарт жырау бұның бәрін өз көзімен көрген.

Дүние айналымы аяусыз екен.

Өмір — шолақ екен.

Тағдыр — тарлық екен.

Күні бойы ат үсті болғандікі ме, әлде ойды ой қуалап талдырды ма, ұйықтап кеткен. Түн ортасынан ауа қарт жырау оянып алды. Шөл қысып еді. От та сөнуге шақ қалыпты. Құрғақ талдарды сындырып отқа салды. Торсықтан жылымшы су ішті. Бұлақ басына баруға ерінді. Қыр арқасы да қақсап тұр еді. Оңтайланып шалқасынан жатқанда көрді, қап-қара аспанда жұлдыз біткен жымыңдап тұнып тұр екен.

Ойда жоқта оң қабағы тартып, ерні дірілдеп берді. Көкірекке лықылдап толған асау жырлар — өзінікі емес, бабалар үндері еді. Сол жырлар төгіліп берді, дейсің. Қай жыр, қай жыраудікі екені белгісіз. Беймәлім қазақ жырлары ғасырлар қойнауынан асау аттарға отырып алып Алатау бөктеріне шауып шыққан...

*Хан Шыңғыстың кезінде,
Бұ жалғанның жүзінде
Он бір патша бар еді;
Еділдің құбыла жағында
Он бір патша болды опат.
Он бір патша алдында
Қобыз алып сөз сөйлеп,
Толғау айтқан бабаңмын.*

.....
*Көрдім қалың еліңді,
Едіге деген еріңді.
Жамандық пен жөнсіздік
Қайыстырды-ау белімді.
Небір-небір билерің
Көргенсіз боп көрінді.
Өзінің елін бүлдірген
Бәтуаға келмеген.
Бұларды көрген бабаңмын.*

.....
*Қырғи болып құтырып,
Қызыл етті аңсама
Қаршыға болып құтырып
Қасқыр етін аңсама
Жеткіншек болған жұртыңа
Беймезгіл көр қазылар*

.....
*Сөз бар жерде жүйрікпін,
Құс бар жерде қанатпын,
Күш бар жерде қуатпын.
Хандарды мен көп көрдім
Елін, халқын жылатқан.
Батырларын құлатқан
Даналарын улатқан*

.....

Құйрығы жоқ, жалы жоқ —
Құлан қайтып күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ —
Жылан қайтып күн көрер
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер.

.....
Қатын алдың қарадан
Айырылдың хандық жорадан.
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айырылар ата мұрадан.

.....
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа
Күнінде өзім болдым деп
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

.....
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес.
Жамандар мазақ қылар деп.

.....
Еділді алса — елді алар.
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса — жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса — ойды алар,
Ойлашы сонда не қалар?
Екі арыстап жау тапса,
Оқ қылқандай шаншылса,

*Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Беттегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес.*

.....

*Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен
Толғамала ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кідім, өкінбен.
Зерлі орындық үстінде
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен.
Бүгін, соңды өкінбен
Өкінбейтін болғанмын
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кеттім, өкінбен!*

.....

*Арқаның қызыл изені
Басы күрдек, түбі — арал
Қыдырып шалар аруана.
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар дуана.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Құм құйылсын көзіңе
Өлгенде бекер жылама!..*

Қара жерді тасырлатып шапқан арғымақтар тұяғының дүбірі даланы дүрліктірді. Сол дүбірге жиырма бір ғасырлық дала жырларының дүмпуі қосылды.

Дала азан-қазан. Қайран қазақтың даласы. Сені соқамен тілгіледік, жатқа сыйға бердік, тиынға саттық. Біз сені ардақ тұтпадық, қайран дала, біз сені өлімге қидық. Өзіміз де сенімен бірге құритынымызды білмедік.

Бү дүниеде Ана-Даласын сатқан халық оңбасын!

Бү дүниеде Ана-Даласын өлімге қиған елді қарғыс атсын!..

Анасын өлтірген перзенттің жер басып тірі жүруі әділет пе?!

Қарт жырау көк шөпке жеңіл шапан төсеп жатқан еді, мазасыз дөңбекшіген кәрі дене аласұрды. Уһілеген үні үкіні оятты. Кәрі жырауға қосылып Алатаудың үкісі қоса уһлеп берді.

От сөніпті. Аспандағы жұлдыз біткен жерге ағып түсіп жатыр. Жо-жоқ, сонау Алатаудың шығыстағы биігінің қақ төбесінде жарқыраған сүмбіле жұлдыз зымырай жерге құлдырады. Тамыз — жұлдыз ағатын ай еді ғой.

Таңның саумал сәулесі енді ғана қара жерге ұмтылып берген.

Қарт жырау оянып кетті. Бұлақ басына барып тастай су ішті.

«Жамбылжан, сен маған келмей кетіп-ең...» Сүйінбайдың дауысы дәл қасынан естілді. Қарт өзін ыңғайсыз сезінді.

«Келейін деп келгем жоқ, адасып келдім, Сүйеке», — деді өтірікті жек көретін ұстазына қарт жырау шындықты көлденең тартып.

«Сен де қартайыпсың, Жамбыл...»

«Қартайдым, Сүйеке. Жалғанның қызығы таусылды».

«Маған қосылуға асықпа. Қара жерді таптай тұр, Жамбыл».

«Таптағаннан не пайда, жалықтым! Жыр көші де мені тастап барады, Сүйеке»...

«Жыр шіркіннің жаныңды тулатпағаны сенің жүрегіңді қапаға бөлейді ғой, тегі...»

«Дұрыс айттыңыз, біліп айттыңыз, Сүйеке».

«Басыма келіп мінәжәт еттің. Енді тағы бір түлеп бағарсың... Шаршама, Жамбыл, шаршама! Жұмақтың аты жұмақ қой, бірақ қара жердей ыстық болмайды екен, Жамбыл. Қара жерден асқан ешнәрсе жоқ екен. Сен соны ұқ, Жамбыл. Қара жерді жайлаған пенделер Адамға айналса деп арманда, Жамбыл. Пенде Адам болғанда ғана жер бетінде жұмақ орнайды. Жұмақты тұрғызатын Адам. Сонан да Адам Адам болып бағуы керек. Сен отырған жерде мен де отырғанмын, Жамбыл!..»

«Сүйеке, дәл осы қыраттың үстінде екеуіміз малдас құрып әңгіме-дүкен құрғанымыз есіңізде ме?»

«Есімде, Жамбыл, есімде... Қара жерді қарс басқан кез көзден ұшқанымен, жан көзінен кеткен жоқ».

«Сүйеке, жүрек көзін білуші ем. Жан көзі де болады екен-ау!»

«Жамбыл, жан көзі, ар көзі, сана көзі деген де бар екенін ұмытпа. Көкте де көз бар. Жерде де көз бар. Жұмақтың өз көзі бар. Тозақтың өз көзі бар. Тәңірдің өз көзі бар».

«Сүйеке, осы Дешті-Қыпшақ даласына қожалық еткен беттерін түк басқан қызылдарда көз бар ма?...»

«Олар жендеттер ғой, Жамбыл. Олардың көзі қанға толы. Қандыкөз пәлекеттерден аулақ бол. Өз далаңда өз бағаңды түйсіріп алып жүрме, Жамбыл».

Сен қара жерді еркін басқан қазақтың соңғы жампоз жыршысысың!.. Соны есінде ұста. Берік ұста!. Тән рахаты үшін жаныңды сатпа. Мен білсем, бұл дүниеде де, о дүниеде де жан рахатынан артық ешнәрсе жоқ, Жамбыл. Соны ұқ! Сол ұққаныңнан айырылма. Айнама!.. Қара жерде пендеге керегі екі-үш ақ аршын қара топырақ. Тіршілікте жиып жүргеніңді о дүниеге өткізе алмайсың. Бұл жақта хан да жоқ, төре де жоқ, патша да жоқ — пара беретін, пара алатын озбыр сатқындар да жоқ. Олар көрлерінде өкіріп, тозақта күндіз-түні бір тоқтамай шыңғырып жатады. Олардың дауысынан жан тұршігеді. Бірақ, олардың жан айқайын сендер, тірілер естімейсіңдер. Сендер естісеңдер, пенде емес, адам болуға бар жандарыңды салар едіңдер, Жамбыл»

«Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай...»

«Тәңірге сыйын, Жамбыл, Тәңірге!».

«Тіршілікте Тәңірге, қара өлеңде өзіңізге сыйынып келдім, Сүйеке! Менің ұстанымым осы болды. Сол ұстанымнан таймадым».

Тайына қарғып мініп, Сүйінбай көкесінің қара қасқа атының соңына ілесіп шауып берген кездер қайдан да ұмытылсын.

Қос жырау қосыла жыр айтып, айтысқа еркіндік берген кезде, осы Алатаудың ойы мен қырын даңғаза қылушы еді. Алатаудың асқар шыңдарына ән мен күй жарасатын, жыраулардың талмайтын айтыс жырлары жарасатын.

Ол кездер де келмеске кетті-ау. Шаршап шалдыққан, бойынан ән кеткен, көңілден жыр қашқан кезеңде қарт жырау адасып келіп Сүйінбайдың рухымен тілдесті.

Әділін айтып қарап тұратын алмас қылыш Сүйінбай о дүниені де, бұ дүниені де ерсілі-қарсылы шауып, Жамбылдың қалған өміріне керек ақыл айтты.

Уағыз десе дұрыс болар.

Қарт жырау жирен атына мініп, ат басын ауылына бұрды. Таң алдында Сүйінбаймен өткен кеңес оның жан дүниесін толқытып-ақ кеткен. Бұ дүниеде бекер ешнәрсе жоқ қой, Сүйінбай пірімен кездескенін қарт жырау жақсылыққа жорыды.

Бұл қабыр басында өткен түн, керемет түн болды. Жыраудың жаны тулады. Сүйінбай пірі бойына мол рух құйып кеткендей сезімге бөленді.

Жастықтың буы бой билеген жылдары Қарасаздың жасыл жайлауында балдай қымызға мас болып, ән салып, би билеп, домбыра тартып қызық қуған. Айкүміс қызбен түні бойы тән рахатын да, жан рахатын да кешіп жүріп еді-ау...

Қолы қысқа кедейлік ғашық болған қызына қостырмады. Соның бірі Айкүміс еді. Бұрым қызды да ұнатқан. Осы екеуіне қолы жетпеді. Момын деген салақтау қызға зорлап үйлендіреді. Қырық жастан асқан соң ғана асқақ жыршы, Қанымжандай әдемі қызды айттырып алды. Қанымжанды жанындай жақсы көріп сыйлап өтті.

Ат үстінде тербетіліп келе жатқан қарт жырау тән рахатынан да, жан рахатынан да айырылып болған. Ол өзін Алатаудың тұл жетіміндей сезінеді. Дәл қазір кім қол ұшын берсе, соған еріп жүре беруге даяр еді. Бұл ойға берілгені сол екен, Сүйінбайдың зор үнін қайта естігендей болды.

«Қандыкөз пәлекеттерден аулақ бол. Өз далаңда өз бағаңды түсіріп алып жүрме, Жамбыл...»

Асқар Алатаудың, асқаралы елінің Ақ патша мен Қоқан хандығынан көрген аяусыз қорлығы, қызыл үкіметтің топастығына келіп тірелген.

Қызыл тексіздердің тырнағына ілініп, солардың құлына айналатынын қарт жырау ол кезде білмеген.

Атының басын кері бұрып, қарт жырау, Сүйінбай қорығына қарап тұрып қалды. Сағым құшағында тер-

белген Сүйінбай бейіті діріл қақты.

Бұл Жамбылдың Сүйінбайдай пірімен соңғы кездесуі, соңғы қоштасуы еді.

1943 жыл. Жаз.

Неміс басқыншылары мен кеңес мемлекеті арасындағы екінші Дүниежүзілік соғыс өршіп тұрған кез болатын. Сол жазда соғыстағы баласы Алғадай қаза тапты. Алғадайдың өлімі қарт жыраудың жан дүниесін күйретіп кетіп еді. Тоқсанның жетеуіне жеткен Жамбыл Жабаев қайтып бойын тіктеп, еңсесін көтере алмады. Бұ жалғанның қызығы ол үшін баяғыда таусылып болған еді. Қаусап біткен төнін кеңес үкіметі әлі де сүйрелеп жырын жырлатып келеді. Қарт жырауға бұның енді еш қажеті жоқ болатын. Қай сөз Жамбылдікі, қай сөз оған бекітілген хатшылардікі, — оны енді ешкім білуден қалған.

Алғадайдың өліміне қатты күйзелген қарт жырау мұң шағады. Күңіренеді.

*Алатауды айналсам
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?
Өлім деген — у екен
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күңіренем
Көзіме жас алам да?*

1944 жыл. Күз. Таң.

Қарт жыраудан хал кеткен кез еді.. Құлағы естуден қалған. Жүріп-тұруы да ауырлаған.

*Сөндің бе жарқыраған шам-шырағым?!
Қалдың ба тас бекініп, қос құлағым?*

*Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сен болып сөйлетесің жалғыз жағым.
Қалыптын ие болмай өзіме өзім,
Әлім жоқ, күш қайратты өтті кезім,
Балалар, өлгенімше болысыңдар,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.*

Бұл кәрілік жеңген жыраудың хатшысы ақын Ғали Ормановқа айтқан базына тілегі болатын.

Өлеңмен сөйлейтін сайыпқыран жырауға, ақ адал қызмет қылған Ғали ақын қарт жыраудың кәріліктен қиналған жайын жақсы білетін. Қолдан келер дәрмен қайда?!

«Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар,
Қара көзден нұр тайса, бір көруге зар болар» деген осы еді.

Үш жыл бұрын ғана атқа отырып ауыл аралайтын, тіпті жайлауға да шығатын жырау енді онан қалған. Басынан сүйемесе өздігінен орнынан тұра да алмайтын болған.

Сондай бір талмаусырап жатқан тұсында есіне екі шумақ өлең оралды. Кезінде Ибраһим-Абайға арнап жазған өлеңі еді. Өзі айтса жоғалатынын біліп, Ғалиға жаздырып қалдырған.

*Мынау тұрған Абайдың суреті ме? –
Өлең-сөздің ұқсаған құдыретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!*

*Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа.
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған,
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!*

*Терең ойдың түрінде теңізі бар,
Тесіле көп қарасаң көңіл ұғар.*

*Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!*

— Бұл керемет өлең болды, Жәке!.. — деген сонда Ғали ақын. Жамбыл жауап қатпаған.

Өзгенің қолпаштауын қыран бүркіт жыршы қарт қайтсын-ай!.. Өз бағасын өзі білген, онысын сырт көзге көрсетпеген мықты емес пе?! Ал қазір сол екі шумақ өлеңді күбірлеп жатып, көзіне жас алды. Ибраһим сабаз өмірден ызамен өтті. Ал мен ше?.. Жабайдың ұлы Жамбыл саған қалай қайтпақ, Тәңірі-ау?!.

1945 жыл. Көктем. Таң.

Әлде кім төніп келіп дәл құлағына.

«Фашисті жеңдік!» — деп қуана дауыстады.

О, бөрекелді! Тәңіріме мың алғыс! деп күбірледі қарт жырау. Құлағына айғайлағанды білегінен тартып: тұрғыз мені дегендей ым жасады. Құлағына айғайлаған бозбала мен екі-үш қатын әупірімдей сүйемелдеп қарт жыраудың басын әзер көтеріп, қабырғаға арқасын сүйеп отырғызды. Үйге сүйінші сұраған ел де жиналып қалып еді.

— Бір шыны жылы шәй беріңдер! — деді жырау. — Домбырама қол жалғандар.

Төсек тартып жатып қалғаннан бері қолына домбыра ұстамап еді.

Осыдан үш-төрт ай бұрын көмекшісі Қалмақан ақын «жоғарғы жақ Сізге жырласын», — дейді деп құлағына дауыстаған.

Қарт жырау тіксініп барып: бәтшағарлар тағы нені мыжып жатыр? — деп сұрады.

— Жүз биеден жүз құлын аламыз, дейді. Соны жырлау керек, — дейді.

— Оны өздері жырласын!.. Жүз биеден жүз құлынды қазақ түгілі, Тәңірім алмаған.

— Онда сіздің атыңыздан Ғали екеуіміз жазармыз, — деді Қалмақан.

Шалқасынан жатқан қарт жырау оның не айтқанын естіген жоқ. Естуге ниеті де жоқ болатын.

Қарт жырау еті қашып, қушиған иықтарын қомдап, бойын тіктеген болды. Жылы шәйді екі жұтып жөтелді. Соңғы үш ай бойы талмаусырап жатқан қарттың бойын жиып алғанына, үй ішіндегілер таң қалысты. Үйге сыймағандар аулаға аяқ тіреді.

Қарт жырау көне домбырасын дыңғырлатып ұзақ отырды. Оң қабағы тартты, ерні дірілдеп қоя берді. Көкірегін өлең қысып келе жатыр еді. Өлден уақытта жыраудың ауылдастарына таныс қарлығыңқы дауысы естілді. Дауысы әлсіз болғанымен жігерге толы болатын. Жұрт тырп етпестен жыраудың сөзіне құлақ салды. Арманды сөздер, әлді сөздер, жырдың сергек нақышына ілесіп төңірекке естіліп жатты.

Қарт жырау осы жырдың өміріндегі соңғы жыры болып қалатынын сезгендей, бойын да, ойын да жиып батырдың соңғы ұрысқа шыққанындай ерекше ұмтылыс танытты.

О, Төңірі-ай! Тілінен де, санасынан да жоғалған, ұмыт болған не бір ойлы сөздер, ұтымды нақыштар еш қиналусыз-ақ түйдек-түйдек болып көкіректен атып шығып жатты.

Отанға деген махаббатқа толы асыл жыр. Қанатын жайған ерлік жыры. Қан майданда қаза тапқан қазақтың батыр ұлдары мен қыздары туралы алмас жыр.

Қазақтың болашағы туралы арман жыр.

Қарт жыраудың жүргізуші жігіті тап бүгін, болмай Алматыға жүріп кеткен хатшы ақындарға ызасы келді. Ішкіштер, — деп балағаттады. Алматының сырасы қандарын қаталатты ғой, найсаптардың, — деп тілдеді.

Жыраудың «Енді өлсем де арманым жоқ» атты соңғы жыры қағазға түспей қалатынына өкінді.

Тек қарт жырау ғана өкінген жоқ. Бойына Тәңірі қиған жыр-сыйын, Тәңіріне қайырып беріп жатты.

Көруден қалып бара жатқан көздің қиығына мөлтілдеп жас үйірілді.

Қарт жырау сол түні талықсып барып ұйқыға кеткен. Бұл ұйқы да емес еді; өлі мен тірінің ортасында аласұрған делдал хал болатын.

«Енді өлсем де арман жоқ», соңғы жыры болып қалғанын жырау ұққан, жас күнінде дүниеге әкелген асау жырлары уақыттың уысында кетіп мәңгіге жоғалғанындай, мынау соңғы жыры да бұл жалғаннан өзімен бірге кететінін және ұққан.

Тағы бір ұққаны артында қаңқу сөздің ел аралап жүре беретіні болатын. Өзегін өртеген өкініш шіркін таусылған ба?!

Дешті-Қыпшақ даласында сайран салған жас, пері жыршының сыршыл сайыпқырандай саңқылдаған айбынды жырларын сол сайын дала жұтты.

Уақыт жетегінде жан тапсырды.

Мойынқұмның белдерінде, Алатаудың асқарында қыз құған, жыр құған Қарабастау, Құлансаз жайлауларында келмеске кетті.

Ойласа, толғатып туған жырымен халқының рухын көтеріпті.

Намысын тіктепті.

Жас Жамбылдың жырын есту үшін Құлансазға бүкіл Дулат жиналып сый құрмет көрсетіпті. Сол жырларының бағасын өлі мен тірі арасында делдал жатқан қарт жақсы біледі. «Айғайлы жерде ақыл аз» екенін жасынан ұққан, сөзге сақ, қошеметке кең, жырау ішкі ойын берік ұстап, өзгеге сыр шашпаған пенде.

Қарт жырау қызылдарға жұмыс істеп кеткенін өзі де аңғармай қалып еді. Кейін үйренішікті ісі болды.

Қызылдар астына машина мінгізді. Басына үй соқты. Қасына күтуші, аспазшы, хатшы, дәрігер қойды. Қарт жырау қарсы болған жоқ. Қарсы бола да алмас еді.

Қарт жырау қызылдың сөзін сөйледі. Қызылдың күйін күйттеді. Жалған іске жасындай жыр өрнегін салды. Үміт отын жақты. Жұдырықтай жүректегі барша жылуды сол қызылдардың ісіне жұмсады. Осы қызылдар болмаса, Патша әкімшілігі мен Қоқан билеушілерінен құтылмастан азапты күн кешер еді-ау. Ол заманғы қорлықты Ұлы жүз халқы қалай да ұмытсын?! Ұмытпас!.. Ұрпақтан ұрпаққа жеткізер өлі!..

Қарт жырау болжағанындай артынан қаңқу сөздер көп жүрді.

Әлі де жүріп келеді.

Санасыз елге өлі жырау не базына айтпақ?.. Надан елге өнеге берер кім бар?.. Ондай жоқ қой... Қарт жыраудың білетіні халқы мен жыр шіркіннің алдында арының таза екендігі!.. Онан өзге сөз неге керек?! Өзге сөз бос сөз ғой.

Қарт жырауды қаңқу сөзден қазақ та, қазақтың игі жақсылары да, билік басындағы қызылдар да арашалай алмады. Тарих таразысына жүгінсек, қазақ бір де бір ардақтысына араша түсе алмаған, тіптен бел шешіп арашаға түспеген халық.

Сол түні хәлі нашарлаған қарт жырауды дәрігерлер төсегімен бірге көтеріп Алматыға үкіметтің ауруханасына әкетті.

Далада туған алып жырау қала ауруханасында таңға жақын жан тапсырды.

Қарт жыраудың көзін жұмған егде дәрігер, көрі еріннің әлсіз дірілдеп барып басылғанын көріп, сенерін де, сенбесінде білмей абыржып қалып еді. Қарт жырау о дүниеге ернін жыбырлатып, жыр айтып қайтуға жанын салса керек.

Тәңірге табынған, өлімнен қорықпаған, сүйегі
Екей, өзі Дешті-Қыпшақ даласының соңғы тарлан
жырауы Жамбыл Жабайұлының рухына бас иген —


Роллан СЕЙСЕНБАЕВ

Жетісу өлкесі, Құлансаз жайлауы.

2013 жыл. Жаз.

Семей өлкесі, Жидебай,

2013 жыл, Күз.



F
A

C
S
C
P
Z
P
A
P
P
C
Z
A

МАЗМҰНЫ

<i>Нұрсұлтан Назарбаев. Құнды рухани қазына.....</i>	8
<i>Роллан Сейсенбаев. Жүз кітап арқалаған аманат.....</i>	11

ЖАПАҢҒА БІТКЕН БӘЙТЕРЕК

Сырлы сұлу сөздері	23
Әкеме.....	24
«Сөртінің ұрлап қара атын»	25
Сарыбайға	26
Бұрымға.....	28
Жаныс ақынға.....	30
Камшат қыз.....	31
Ағайын-туған, есен бол	33
Қуғын.....	35
Мәмбетке	36
Сәт сайланарда.....	38
Жалғызбын деп жүрмесін	39
Артықша туған азамат	40

Бата	42
Өсиет.....	44
Көп қарға тең келмей.....	45
Тоқтағұлға	46
Сарнасын ақын, сарнасын	47
Сыздық сұлтанға	48
Жаратылыс сыры	50
Еске алсам	52
Өстепкеде.....	53
Халықтың еркі кетті	55
Патша әмірі тарылды	56
Зілді бұйрық	58
Толғау	62
Туған елім.....	66
Жастар алдындағы сөз.....	71
Пушкинге	73
Сүлейман Стальскийге	76
Алатау	78
Қымыз	80
Амангелді тойына	82
Ұлы көш.....	84
Өмір жыры	87
Халық қазынасы.....	91
Абайдың суреті	94
Ленинградтық өренім!	95
Балама хат	101
Алғадай туралы ойлар.....	104
Менің өмірім.....	106
Соңғы сөз	109

АЙТЫСТАР

Жамбыл мен Құлманбеттің айтысы	113
Жамбыл мен Шашубайдың айтысы	131

ДАСТАН

Сұраншы батыр	145
<i>Роллан Сейсенбаев. Жапанға біткен бәйтерек</i>	173

«МЕНИҢ 100 КИТАБИМ»

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы,
фәлсафасы, білімі, әм діні

ҰЛЫ ЖАЗУШЫЛАР МЕН ОЙШЫЛДАР
КИТАПХАНАСЫ

№ 30

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

ЖАПАҢҒА БІТКЕН БӘЙТЕРЕК

Серияның негізін салушы, көркемдік
ойдың жетекшісі, құрастырушы,
жалпы жобаның авторы:

Роллан Сейсенбаев

Құрастырушы әм
жауапты редактор:

Клара Серікбаева

Баспа орталығының
меңгерушісі:

Батима Малаева

Көркемдеуші редактор:

Назар Роллан

Техникалық редактор:

Асқар Сейітбеков

Корректор:

Жазира Нұрғожина

Бетгеуші:

Жансая Мұсабекова
Назым Роллан

ISBN 978-601-7294-6



Халықаралық Абай клубы

Алматы, әл-Фараби, 71, оф. 1403

E-mail: amanat70@list.ru; тел. 8 727 3773479

Басуға 27.05.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты б.т. 11,3
Офсеттік басылым. Гарнитурасы «DS SchoolBook».
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1489.

Тапсырыс берушінің файдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мағатаев көшесі, 41.

По вопросам продажи наших книг обращаться в торговый отдел
издательства «RS» тел. 8 (727) 3773479; E-mail: amanat70@list.ru

МҮҒ
ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

Ж
Ж

Қазақ ауыз әдебиетінің соңғы саңлағы Жамбыл бабамыз. Дешті-Қыпшақ даласының алдында, өмірінің алдында, өзінің алдында оның тинәмдай кінәсі де, күнәсі де болған жоқ. Тәңірге табынған Жамбыл, Таққа табынбады. Бұны ұғу үшін Өзіңді, Өзгені, Өнерді, Өмірді құрмет тұту керек деп ойға берілген —

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ

